

# ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

# ЗАН

✉ zangazet@mail.ru

№57 (3382) 20 шілде 2021



# газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## ҚОЙ ЕТІ ҚОЛЖЕТІМСІЗ БОЛЫП БАРАДЫ

Қазақстанда ет бағасы бір жыл ішінде 14%-ға қымбаттаған. Әсіресе, қой еті. Сарапшылардың мәліметінше, маусым айында еліміздегі базарлар мен дүкендерде қой етінің бір келісі 2300 теңгеден сатылса, шілде басталғалы 2900 теңгеге жеткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 14,4%-ға қымбат. Негізі «қой етінің сорпасы індетке шипалы» десіп былтыр-ақ алысатарлар қой етінің бағасын айтарлықтай өсірген еді. Биыл шілде айында індеттің қайтадан өрши түсуі саудагерлерге тіпті жақсы болған сыңайлы.

(Соңы 3-бетте)



### ЖҮРЕКТЕРІҢІЗ ЖЫЛЫЛЫҚҚА ТОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Біз адами құндылықтардың, ізгілік пен мейірімділіктің, адалдықтың, әділдіктің, жақындарға деген қамқорлықтың және кең пейілділіктің символы болып табылатын Құрбан айт мерекесін жарқын сезіммен қарсы аламыз.

Биылғы Құрбан айт мейрамы қиын және шиеленісті уақытпен тұспа-тұс келіп отыр. Әр адамның өмір жолында күрделі сынақтар туындауы мүмкін, бірақ қазіргі ахуал денсаулық пен адамгершілікке еш нәрсе тең келмейтінін көрсетті. Алла Тағалла бізді ең қарапайым және мәңгілік құндылықтарға – баға жетпес сый болып табылатын өмірді бағалай білуге, аз нәрсеге қанағат етуге, шыдамдылық пен төзімділікке, рухани тазалыққа, игі істер мен жанашырлыққа шақырып, күнделікті өмірдің қарбаласында қасиетті Құранда айтылғандай: «Адамзаттың әрекетіне қарай берекет болатынын» ұқтырды.

Осы жарқын мерекені қарсы ала отырып, біздің барлық таза ойларымыз, игі істеріміз бен шынайы ұстанымдарымыз өзіміз өмір сүріп жатқан қоғамның игілігіне қызмет етеді деп үміттенеміз. Бізге қымбат жандардың бәрі аман болып, жүректері имандылыққа толсын!

Құрбан айт азаматтардың жүрегін жылылыққа, махаббат пен мейірімге толтырып, ертеңгі күнге деген рухы мен сенімін нығайтсын!

Қасиетті де ұлық Құрбан айт мейрамы құтты болсын!

Сәкен АБДОЛЛА,  
Қазақстан Республикасы  
Судьялар одағының төрағасы

СҰХБАТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

## ГРУЗИЯДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР



Олжас САЙЛАУБЕКҰЛЫ,  
«Ұлттық халық санағы – 2021»  
шарасының ресми өкілі:

### «ТАРИХИ СӘТТЕ ХАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ БОЛУ КЕРЕК»

– Бірнеше жылдан бері сөз болып келе жатқан Ұлттық санақтың маусым айында өткен алғашқы кезеңінің нәтижелері қандай?

– 2021 жылғы Ұлттық санақтың алдында, маусым айында Қазақстанның барлық елді мекендерінде дайындық кезеңі жүргізілді. 1-30 маусым аралығында интервьюерлер (тіркеушілер) әрбір елді мекен бойынша тұрғын жайлар, тұрғын үйлер (тұрғын жай ғимараттары) және тұрғын үй ретінде пайдаланылатын тұрғын емес орындардың барлығын аралап, олардың тізімін және тұрақты тұратын тұрғындардың санын нақтылады.

(Соңы 5-бетте)

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ 2021–2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ ШЕҢБЕРІНДЕ, ҚР СУДЬЯЛАРЫНЫҢ VIII СЪЕЗІНДЕ ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНІТМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУГЕ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ӘРІПТЕСТЕРМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ӘКІМШІЛІК СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ БАҚЫТБЕК БЕГАЛИЕВПЕН БІРГЕ ШІЛДЕ АЙЫНЫҢ БАСЫНДА ТБИЛИСИ ҚАЛАСЫНА (ГРУЗИЯ) ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫМ.

Сапар барысында сот төрелігін іске асыруға, сот қоғамдастығы органдарының жұмысына, сот жүйелері қызметіндегі ерекшеліктер мен жаңа трендтерге қатысты кең ауқымды мәселелер талқыланды.

Әкімшілік әділет, біздің құқықтық жүйеміз үшін мүлдем жаңа және перспективалы институт болып табылады және оның жұмыс істеу тәжірибесімен таныстыруға ерекше назар аударылды. Бұл туралы Грузия Жоғарғы

Сотының судьясы, Әкімшілік әділет (Грузия) оны 1999 жылы посткеңестік кеністіктегі елдер арасында алғашқылардың бірі болып енгізді) әзірлеушілерінің бірі Нугзар Ширтадземен кездесуде айтылды.

Грузия Жоғарғы Сотының құрылымында азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша үш палата бар. Грузия Жоғарғы Сотының Төрағасы әкімшілік істер жөніндегі палатаның төрағасы болып табылады. Бізден айырмашылығы, Жоғарғы Сотта әкімшілік құқықбұзушылық бойынша істер қаралмайды, олар түпкілікті шешімін апелляциялық сатыдан табады.

Грузия Жоғарғы Сотында үлкен палата жұмыс істейді – оның құрамында барлық палаталардың төрағалары мен Жоғарғы Соттың Төрағасы бар. Үлкен палатаға қандай да бір нақты істі осы органды қарауға шығаруға бастамашы болған судьялар да қатысады. Бұл Грузияның сот ісін жүргізудің қалыптасқан бірінші практикасына қайшы келетін істерге ғана қатысты.

Біздің екі елдің әкімшілік ісін жүргізуді салыстыру ортақ белгілер мен белгілі бір ерекшеліктің, тиісінше, артықшылықтар мен кемшіліктердің барын көрсетеді.

(Соңы 2-бетте)



## ЕТ БАҒАСЫН АРЗАНДАТА АЛАМЫЗ БА?

**Болатхан МАХАТОВ, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор:**  
– Ет бағасын тұрақтандыру қиын емес. Ең бастысы ниет болса. Мәселен, өткен жылдың аяғында ет экспортын көбейту туралы айтылды. Артынша сыртқа шығаратын ет көлемін арттырдық. Сол секілді ниет болып, көңіл бөлінсе ет бағасын да тұрақтандырып ұстап тұруға болады.  
Негізі әртүрлі факторлар әсер етіп, елімізде азық-түлік бағасы өсіп барады. Елімізде бағаны бақылауда ұстап отыруға тиіс, арнайы құзырлы орындар болады. Баға бұғалықтан шығып кетпес үшін алдын ала жасалатын шаралар бар. Бұл негізінен солардың құзыретіндегі шара. Былтыр жаппай карантинге жабылған кезде, ауыл шаруашылығына көңіл бөлу керектігі Мемлекет басшысы тарапынан бірнеше рет айтылып өтті.

**Е**лімізде ет бағасы шарықтап барады. Әсіресе, жаздағы қуаңшылықтан соң, қысқа қарай соғым бағасының қалай құбыларына ел алаңдаулы. Жаздай малына шоп тауып бере алмаған халық, биылғы қыстан малын алып шыға ала ма? Жалпы, ет бағасын тұрақтандыру мүмкін бе?

**Жанұзақ ӘКІМ, экономист:**  
– Шыны керек бізде баға бақылаусыз. Сондықтан алыпсатарлар ойына келгенін жасайды. Жылда күзде жанармай, қарамық қымбаттайды. Жаңа жыл алдында жұрттың бәрінің үйіне азық-түлігін кіргізіп алатынын білген кезде азық-түлік бағасы қымбаттайды. Құрбан айтта қой қымбаттайды. Зейнетақыға болар-болмас үстемеақы қосылса барлық баға көтеріледі деген секілді. Оны ешкім қадағалап отырмағаннан кейін, қалаған бағаларын қойып алады. Халықтан сұраныс бар кез келген нәрсенің бағасының сол сәтте көтеріліп кететініне қарап-ақ бағаның бақылаусыз екенін ұғуға болады. Осы жолы картоп пен сәбіздің бағасының көтеріліп кетуіне олардың экспортқа көп шығарылуымен де байланыстырдық. Шыны керек жылда қамбада шірітіп алып жатырмыз. Былтыр қанша капуста расуа болды.

(Соңы 3-бетте)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС

# ГРУЗИЯДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мәселен, Грузия судьяларының айтуынша, соттылыққа және істерді азаматтық немесе әкімшілік сот ісін жүргізуге байланысты көптеген даулар туындайды. Істің соттылығы туралы дауды біздің заңдарымызға қарағанда апелляциялық сағы немесе судья жеке өзі емес, Жоғарғы Соттың әкімшілік палатасының алкалы құрамы шешеді.

Біздің сот жүйесінің сөзсіз артықшылығы – бірінші сатыдағы мамандандырылған әкімшілік соттарды құру деп санауға болады, ал Грузияда ондай соттар жоқ, осы позицияларға аудандық және қалалық соттарда әкімшілік істерді қарауға мамандандырылған судьялар тағайындалған.

Болашақта, істердің соттылығы бойынша даулар бізде де туындауы мүмкін, өйткені, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 102-бабының 2-тармағында әкімшілік сот ісін жүргізудің әкімшілік актіге немесе іс-әрекетке дау айту бойынша ғана емес, сондай-ақ жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша соттылығы көзделген. Бізде мұндай даулар көп.

Тағы бір ерекшелігі, егер бізде бірыңғай Әкімшілік кодекс болса, Грузияда екі бөлек кодекс бар: Әкімшілік-процессуалдық және Жалпы әкімшілік. Шетелдік әріптестер Әкімшілік әділет енгізілгеннен кейін Грузияда әкімшілік істердің саны экспоненциалды түрде өсіп келе жатқанын атап өтті. Қанағаттандырылған талаптардың өсуі

де байқалады: егер 2012 жылы билік органдарына қарсы қанағаттандырылған талаптардың саны 41% - ға жетсе, 2019 – 2020 жылдары олардың саны тиісінше 68% және 64% -ды құрады.

Грузия судьялар қауымдастығының төрағасы, Тбилиси апелляциялық сотының судьясы Леван Мурусидземен өзін-өзі басқару органы қызметінің түрлі аспектілері, оның ішінде судьялардың тәуелсіздігіне кепілдік беру, оларды құқықтық және әлеуметтік қорғау мәселелері талқыланды.

Барлық маңызды мәселелерді шешу үшін Грузия судьялар қауымдастығы судьялар конференциясын өткізеді, онда судьялар Жоғары Әділет Кеңесінің құрамына, тәртіптік және біліктілік палаталарына ұсынылып, сайланады.

Грузиядағы сот жүйесінің негізгі органы Жоғары Әділет Кеңесі (бұдан әрі – ЖӘК) болып табылады, ол 15 мүшеден, оның ішінде конференцияда сайланған 8 судьядан, Жоғарғы Сот төрағасынан, 4 Парламент өкілдерінен, 1 Президент өкілі және хатшыдан тұрады. Судьялар корпусының өкілдері, яғни 15-тің 9-ы осы Кеңесте көпшілікті құрайды. ЖӘК төрағасын оның мүшелерінің өздері сайлайды.

ЖӘК Жоғарғы Соттың судьялары мен палаталары төрағаларынан басқа барлық судьяларды, соттар мен алқалардың төрағаларын тағайындайды, оларды Қазақстандағыдай ЖӘК-ның ұсынысы бойынша Парламент сайлайды.

Грузия Жоғарғы Сотының төрағасы, бізден айырмашылығы, 10 жылға сайланады. Қазіргі уақытта бұл лауазымды Нино Кадагидзе атқарады. Соттардың және алқалардың қалған төрағалары тағайындалып, 5 жылға сайланады.

Атап өтетін ерекшеліктің бірі: егер әкімшілік істер бойынша апелляциялық алқалар бізде әр облыста құрылған болса, Грузияда тек екі апелляциялық сот жұмыс істейді – Тбилиси мен Кутаисиде. Бұл ретте апелляциялық соттар нақты және құқықтық мәселелерді талқыласа, кассациялық сот – тек құқықтық мәселелерді талқылайды.

Батуми қалалық сотының судьялары мен төрағасы Давид Мамисашвилимен кездесуде де сындарлы диалог өтті. Жоғарыда айтылғандай, Грузияда бірінші сатыдағы мамандандырылған әкімшілік соттардың болмауына байланысты бұл функциялар азаматтық және әкімшілік істерге мамандандырылған судьяларға жүктелген. Атап айтқанда, бізден айырмашылығы, Грузиялық сотта өте үлкен аппарат бар – әр судьяның хатшысы, көмекшісі, сот орындаушысы және екі судьяға бір кеңсе қызметкері бар. Техникалық қызметкерлерден басқа аппарат қызметкерлерін қалалық және аудандық соттың төрағасы тағайындайды.

Грузиялық әріптестермен кездесуде біз 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстанда Әкімшілік әділет енгізілгенін, оның құрылуы еліміздің сот жүйесі тарихындағы жаңа паракқа айналған



нын және ел Президенті Қ.Тоқаевтың жіті назарында екенін хабарлар еттік. Жоғарғы Сот бастамашылық еткен және соттардың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған еліміздің сот жүйесін жаңғырту мәселелері, сондай-ақ судьялар қауымдастығының өзін-өзі басқару органы – ҚР Судьялар одағы қызметінің аспектілері қозғалды.

Грузия тарапына жылы қабылдағаны және қазақстандық әріптестерімен өзара қарым-қатынасқа назар аударғаны үшін ризашылығын білдіре отырып, мұндай кездесулер сот төрелігін іске асыру сапасын арттыру бойынша үздік тәжірибені алуға, сот жүйесі, жоспарлар

мен басымдықтар туралы маңызды және шынайы ақпаратпен бөлісуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Шетелдік әріптестер қазақстандық сот жүйесінің сот төрелігін іске асырудың халықаралық стандарттарына бейімділігін, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін толыққанды қорғауға және тұтастай алғанда құқықтық демократиялық мемлекет құруға бағытталған болып жатқан өзгерістердің ашықтығы мен серпінін қолдайтындықтарын білдірді.

Сәкен АБДОЛЛА,  
ҚР Судьялар одағының төрағасы  
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы

МІНБЕР

## СУДЬЯЛАР - ҚОҒАМ АЙНАСЫ

**Еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап сот жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлді. Жиналған мәселелерді судьяның адамгершілік қасиеттеріне ең маңызды талаптарды қоймай, адамгершілік мәселелеріне назар аудармай шешу мүмкін емес.**



Судьяның кәсіби қызметінің адамгершілік аспектісіне назар аударудың қажеттілігі келесіге байланысты.

Біріншіден, сот жүйесіне деген сенім деңгейінің төмендеуі. Сонымен қатар, азаматтардың сенімі демократияның бас негіздерінің бірі болып табылады.

Екіншіден, демократиялық билік қоғамда бұл туралы жағымды идеялардың қалыптасуын қамтамасыз етуге ұмтылуға міндетті.

Шенеуніктің қоғамдық және жеке әрекеттері қоғам тарапынан моральдық-құқықтық біліктілікке жатады. Сондықтан судьяның мінез-құлқының моральдық жағы мемлекеттік саясат тұрғысынан өте маңызды. Судья – сот төрелігін жүзеге асыратын немесе өзінің кәсіби парызы бойынша жоғары іскерлік және адамгершілік қасиеттерге ие болуы керек, өйткені судьяның кәсіби қызметінің ерекшелігі айрықша моральдық жағдайлармен байланысты. Сонымен, судья қарапайым, парасатты, өмірді білетін, жоғары мәдениетті, адамгершілігі зор болуы керек.

Елбасының өзі «XXI ғасырда ұлтты дамытудың басты белгісі – мінсіз және тиімді сот жүйесі. Тәуелсіз және әділ сот кез келген мемлекеттің қызмет желісі. Оның әлемнің бірде-бір мемлекетінде, ең дамыған мемлекеттерінде азаматтардың жоғары деңгейдегі дәулеттілігі де, қоғамның табысты дамуы да, қолайлы инвестициялық ахуал да болуы мүмкін емес», деп атап өткен болатын. Сондықтан, сот жүйесінің дамуымен қатар,

судьялардың да жүйеге сай болуы қоғам талабы.

Осы орайда Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов еліміздегі сот жүйесін одан әрі дамыту бойынша жеті басым міндетті саралап, «Сот жүйесінің жеті түйіні» деп аталатын негізгі басымдықты айқындап берді. Қойылған бірінші міндет «мінсіз судья» қалыптастыру болып табылады. Жалпы, мінсіз судья қалыптастыруға еліміз кешенді түрде жылдар бойы көңіл бөліп келеді. Соның ішінде судьялар құрамын сапалы тұрғыдан жетілдіруге ерекше мән берілуде. Ұлт жоспарының 19-қадамында судьялардың есеп беру тәртібін күшейтіп, судьялардың жаңа Этикалық кодексін жасақтау мәселелері міндеттелген болатын. Әдеп кодексінде судьялар жауапкершілігі одан әрі арттырылған болатын. Судьялардың жаңа Әдеп кодексі еліміздің бұдан былайғы даму кезеңдерінің міндеттерін орындауға соттардың беделі мен мәртебесін көтеруге қызмет етеді.

Әділ сот билігін атқаруға құзыреттілік берілген кешегі өткен билер де, қазіргі судьялар да халықтың мұнмұқтажын, талап-тілегі мен шағым, өтініштерін тындап, шындықтың жоғын жақтап, өзі өмір сүрген қоғамының әділдік ұстанымдарына қызмет етіп келеді. Олардан кәсіби ерекшеліктеріне қарай заңдарды, елдің салт-дәстүр, жөн-жоралғыларын жақсы біліп қоймай, қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезініп, қабілетімен ғана емес,

жеке бастарының қадір қасиетімен де үлгі өнеге көрсете білуі талап етіледі. Мемлекеттік биліктің жоғары лауазым иелері судьялар бүгінде өздеріне берілген зор құзыреттілікті адал атқара отырып, моральдық адамгершілік келбетіне қылау түсірмес үшін белгілі бір шектеулер мен міндеттемелерді де жауапкершілігіне алған. Судья әдебінің кодексі кәсіби әдеп өлшемдерінің жиынтығы ретінде сот төрелігін жүзеге асыруда және соттан тыс қызметтегі мінез құлықтың судья үшін міндетті қағидаларын белгілей отырып, сот және судья әдебі нормаларын бұзу кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез құлықтың кәсіби әдептік стандартын айқындайды. Сондықтан, бүгінгі күні Судья әдебі кодексінің сот төрелігін жүзеге асырудағы алатын орны маңызды. Олар өз қызметі арқылы азаматтардың бойында ҚР Конституциясын, елдің заңдарын құрметтеу сезімін қалыптастырып, заңның үстемдік принципін орнықтыруға тиіс.

Сонымен қатар, қандай жағдайда болсын сот билігінің тәуелсіздігі принципін сақтауға және сот билігінің беделін түсіретін, судьяның абырой беделіне нұқсан келтіретін және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде оның объективтілігі мен бейтараптылығына күмән тудыратын жағдайлардың бөрінен өзін аулақ ұстауға тиіс. Судья процеске қатысушылармен іс жүргізуден тыс қарым-қатынастардан аулақ болып, кәсіби беделіне күмән тудырмайтындай мінез-құлықты ұстануы қажет. Қоғамдық пікір, судья қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында сынау оның шешімдерінің заңдылығы мен негізділігіне ықпал етпеуге тиіс. Яғни, Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов мырза атап өткендей «Судья абыройлы лауазым. Кез келген заңгердің ең биік шыңы. Бұл жай ғана қабілет емес, сонымен қатар айрықша бедел, әрбір шешім үшін жауаптылықты, әділеттілік пен заңдылықты жоғары деңгейде сезіне білу. Ойылдылар судьяны «сөйлейтін заң» деп жайдан-жай айтпаса керек» деуі бекер емес. Судьяларымыз жыл өткен сайын шыңдалып, сот айнасына айналуға.

Ең бастысы, қазыларымыз ұлттық және халықаралық құқық саласындағы білімін нығайту үшін қажетті шараларды жүзеге асыруы қажет. Бұдан – халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін ең дамыған, ең тұрақты қоғам құру қажеттілігі туындайды. Біздің мақсатымыз да дәл сондай қоғам құру болып табылады. Осы орайда судьяларымыз қоғам айнасы екенін ұмытпауымыз керек.

Айгүл МАЛИКОВА,  
Алматы қаласы Мәуле аудандық  
№2 сотының төрағасы

БАСТАМА

**Қазақстандық сотта жүргізілген жаңғыртулар жылдан жылға күздік нәтиже беріп келеді. Әсіресе, соңғы кездері қолға алынған пилоттық жобалар қоғамға қажеттілігін толық дәлелдеді. Соның ішінде банк омбудсмені бітімгершілік рәсімдерді дамытудың, банк жұмысына қатысты дауларды азаматтар құқығын сапалы қорғаудың маңызды тетігі болып саналады.**



## БАНК ОМБУДСМЕНІНІҢ МАҚСАТЫ НЕ?

Сот саласындағы бастамалар төрелік алаңындағы күнделікті жұмысқа сараптама жасау нәтижесінде, озық елдер тәжірибесін басшылыққа ала отырып енгізілетіні белгілі. Статистика көрсетіп отырғандай әлемде банктік істерге қатысты дау-дамайдың 80 пайызы омбудсменге шағым жіберу кезеңінде шешіледі. Қалған 20 пайызында қаржы ұйымы мен клиент келісе алмағандықтан дау сотта қаралады. Бұл бағыттағы азаматтық даулардың басым бөлігін қарыз алушылар мен кепілгерлер арасындағы, жеке тұлғалардың кепілге салынған мүлкінен өндіріп алу туралы талап-арыздар құрайды. Осы ретте банк омбудсмені қарыз алушылар мен банк арасындағы қарыз шарттарынан туындайтын келіспеушіліктерді сотқа дейін реттеуді мақсат етеді. Жоғарғы Сот тарапынан қолға алынған «Банктік қарыз шарттарынан туындайтын дауларды сотқа дейін реттеу» пилоттық жобасы сот саласында ортақ тәжірибе қалыптастырып, банк пен қарыз алушылар арасындағы дауды жедел, артық шығынсыз, уақытты үнемдей отырып шешуге бағытталған.

Банктік даулардың туындауына халықтың қаржылық сауатының төмендігі түрткі болуда. Азаматтар әлі күнге дейін өз қаржысын басқаруды, табысын жоспарлауды білмейді. Банктік қарыздарды алғанда несие пайызының жоғары екеніне, қарызды қалай қайтаратынына, берешекті дер кезінде төлеудің салдарына мән бермейді. Келісімшартты оқымай қол қойғандар қарыз көлемі өскенде ғана қандай қиын жағдайға тап болғанын түсінеді. Кейбірі өз қателігін банктік айналым, келісімшартты асығыс қаратты, оқып, танысуыма мұрсат бермеді, қарызды кешіктіргендерге осыныша үстемақы төленетінін білмеді деп жауаптылықтан жалтаруға тырысады. Алайда, сауатсыздық жауаптылықтан

құтқармайды. Біреуден қарыз аларда міндетті түрде өз мүмкіндігін ескеріп барып әрекет ету керек. Мұндай дауларда азаматтарға өзінің қателігін түсіндірудің, заң талаптарын қарапайым тілмен жеткізудің пайдасы зор. Сондай-ақ банктік дауларды медиация арқылы шешуден екі тарап та ұтылмайды.

Соттар банктік қарыз шартындағы талаптардың сақталуын тексеріп, оларды зерттеуі, сондай-ақ, анықталған бұзушылықтарға баға беріп, оған қатысты жауаптылық мөлшерін айқындауы қажет. Сонымен бірге пилоттық жобаға сүйене отырып әрбір судья тараптарға дауды татуласу келісімімен, медиация тәртібімен немесе партисипативтік рәсім тәртібімен реттеуге болатынын, егер ортақ келісімге келу мүмкін болмаса дауды төрелікке жүгінуді арқылы шешу құқығын және олардың құқықтық салдарын түсіндіруі қажет. Көбінесе, осындай жан-жақты түсіндіруден кейін азаматтар өз қателігін ұғынып, бітімге келіп жатады. Осыны ескере отырып бүгінде сот ғимараттарында банктік даулардың алдын алу бойынша ақпараттық стендтер орналастырылып, жергілікті соттардың интернет-ресурстарында пилоттық жобаны іске асыру барысы туралы ақпарат тұрақты жарияланып тұрады.

Өкінішке орай, сот статистикасына мән беретін болсақ банк ісіне қатысты даулар соңғы уақытта жиі тіркеліп, қаралуда. Алайда, осы банктік даулар бойынша келісімге келетіндер саны әлі де аз. Сондықтан Жоғарғы Соттың пилоттық жобасын барынша насихаттап, банктік дауларды медиация арқылы шешу бойынша жүргізілетін жұмыстарды әлі де жетілдіре түскен абзал.

Алмагүл ДУСИМОВА,  
Маңғыстау облысы  
Жаңаөзен қалалық сотының  
судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚОЙ ЕТІ ҚОЛЖЕТІМСІЗ БОЛЫП БАРАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құрбан айт қарсаңында қой бағасының одан сайын шарықтағаны байқалды. Әйтсе де ауыл шаруашылығы саласының сарапшылары «үш жыл қатарынан қойдың тірідей экспортқа көп шығарылуы қой бағасын шарықтатты. Құрбан айт пен коронавирустан гөрі қой бағасының шарықтауына оның сыртқа көбірек экспортталуы әсер етті» дейді. Сонымен қойдың құнын өсірген не? Әсіресе, еттің Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларында көбірек қымбаттағанын байқаймыз. Қазір бұл қалаларда қой етінің килограммы 2900-3000 тенгеге дейін өскен. Яғни, бір жыл ішінде қой бағасының ең үлкен өсімі Алматыда, 22,6 пайызға өскені тіркелген.

2021 жылдың қантар-маусым айларында 131,8 мың тонна тірідей салмақта және еттей салмағы бойынша 65,7 мың тонна қой сойылған. 2021 жылдың шілдесіне дейінгі есеп бойынша елімізде 22,9 миллион қой басы бар. Оның 11,8 миллионы үй шаруашылығына, 9,9 миллионы жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарына, 1,2 миллионы ауылшаруашылық кәсіпорындарына тиесілі. Дегенмен, мал басының азаюына алаңдаған шаруалар онсыз да қуаншылықта құрбандыққа қой соймау туралы да бастама көтерген болатын. Бірақ құрбан айтта құрбандыққа балама болмайтыны туралы уәж келтірген дін мамандары, құрбандықтан қойды «сақтап қала алмады». Сондықтан алдағы құрбан айтта қойдың құнына шамасы жеткендер ғана құрбандық шала алатын секілді. Елімізде әсіресе қозы бағасы бір жылда екі еседей өскен. 20-22 келі ет беретін қозының бағасы – 55-60 мың тенгеге жеткен. Екі жыл бұрын 25 мың тенгеге таңдап жүріп алатын қозыны, биыл екі есе қымбат бағасына да қанағат тұтасын.

Ауыл шаруашылығы саласының маманы, фермер Болат Әйтімов «Қазақстанда қой азайып барады. Өйткені, қазір қой өсіру аса тиімді емес, сондықтан шаруалар қой-ешкіден гөрі ірі

мал өсіргенді қолайлы көреді. Ауылды жерде жайылым тарылған, жайылым жоқтықтан малды ұстау мүмкіндігі де азайып кеткен. Сондықтан қой ауылда да аз. Оның үстіне ірі қара малды бір уақыт болса да өріске еркін жібересін. Осы себепті ауылдағылар қойдан гөрі ірі қараны ұстауға тырысуда. Биыл өңірде жауын аз болып, қуаншылық қысып тұр. Бұл да жем-шөп бағасын аспандатып жіберіп, бағаға кері әсер етті. Қой бағасы оның басы азайған соң қымбаттауда» дейді. Қалай болмасын шаруаның сөзінің жаны бар секілді. Қойдың қымбаттауына қуаншылық та өз әсерін тигізіпті. Бірақ бұл бетіміз-

етін экспортқа шығаруға шектеу қоя алдық. Себебі, экспорттың өсуі, елдегі ет бағасына айтарлықтай әсер ететінін түйсіндік. Сондықтан сарапшылар экспорт мәселесін шегере тұру туралы ұсыныс айтып жүр.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше елімізде 2018 жылы 18,7 миллион қой болса, ол 2019 жылы 16,4 миллионға дейін азайған. Былтыр қой 16,9 миллионға жетсе, биылғы жылы төрт айда 17,8 миллионға өскен. Экспортқа шығаруды қойып, қой басының өсуіне әсер еткенімізбен, қой бағасына әсер ете алмадық. Базардағы сатушылар да «қой еті былтыр коро-

Алмасбек САДЫРБАЕВ, «Шопан ата» қойшылар қауымдастығының төрағасы:

«Мал етін сыртқа шығаруды тоқтата тұру керек»

Маман пікірі



– Соңғы жылдары елімізде ет бағасы көтерілді. Халықтың айтарлықтай бөлігі үшін ет қолжетімсіз азыққа айналып бара жатыр. Сондықтан, еттің бағасын тұрақтандыру үшін жұмыстар жасалуы керек. Ет өндірісі дұрыс жолға қойылуға тиіс. Малды экспортқа шығару жақсы болғанымен, ол еліміздегі ет бағасына әсер етпей керек еді. Малды тірідей сыртқа шығару ісін қоя тұру керек. Әйтпесе, ет өндіру саласы құлдырап, ет бағасы одан әрі шарықтап кетеді. Қой етіне сұраныстың жоғарылап келе жатқанын ескеріп, қой өсіруге ден қоюымыз керек. Мәселен, соңғы жылдары Алматы базарларында сыыр еті арзандап, қой еті қымбаттай түскен. Нарық заңына сай қызмет етсек, сұранысқа сай әрекет ету керек. Аграрлы мемлекет болуға ұмтылған ел ретінде ауыл шаруашылығы саласы өнімдерін дұрыс жоспарлауды үйренуіміз керек. Бар жақсыны сыртқа жіберіп, өзіміз қолда барды талғауға етіп қалмау жағын ойластыру қажет. Осы жұмыстар дұрыс ұйымдастырылса ғана бағаға әсер ете аламыз.

бен кете берсек қазақ қойсыз қалып, қой етін тісімізден гөрі, түсімізде көп көретін секілдіміз. Былтыр елден 264 мыңға жуық қой экспортталыпты, олардың жартысынан көбісі асыл тұқымды мал. Негізінен Өзбекстан 200 мыңнан аса қой алса, Ресейге – 21,5 мың, Әзірбайжанға – 18 мың, Иранға 12 мың бас қой жеткізілген. Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласындағы сарапшылардың дабыл қағуымен уақытша болса да қой

навирус пандемиясы басталғалы бері қымбаттай бастағанын, қой аз сойылатындықтан, базарда оның еті де аз сатылатынын, сөреге түскен күні тез өтіп кететінін» айтады. Демек, қой етіне сұраныс жоғары болуы да, оның бағасына әсер етіп тұрған секілді. Сондықтан қой бағасын, жалпы елдегі ет бағасын тұрақтандырамыз десек, мемлекет тарапынан күрделі жұмыстар жүргізілуі керек секілді...

МЕРЕКЕ

# ҚҰРБАН ШАЛУ ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ӨТЕДІ

Мұсылмандардың қасиетті де ұлық мерекесі – Құрбан айт та келіп жетті. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының ислам мерекелерінің ресми күнтізбесіне сәйкес, Зұлхижжа айының алғашқы 10 күнінде тойланатын Құрбан айт мерекесі биыл 20, 21 және 22 шілдеге келеді. Жер-әлемді жайлаған пандемия ұлық мерекені тойлаудың форматына өзгерістер енгізуде. Коронавирус инфекциясының өршуіне және одан әрі таралуына жол бермеу үшін Құрбан айт мерекесіне арналған іс-шаралар былтырдан бастап онлайн-форматта өтуде.

ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте биыл құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2021.kz сайты іске қосылғанын айтты. Сайт жұмысы Құрбан айттың үшінші күні, яғни 22 шілдеге сағат 14.00-ге дейін жалғасады. Бас мүфти бұл жобаның мақсаты қайырымдылыққа дәнекер болу, халықтың денсаулығы мен өміріне төнген қауіпті сейілтуге үлес қосу, құрбан шалуға ниет білдірген жандарға карантин жағдайында оңтайлы жол ұсыну екенін атап өтті.

«Құрбан шалуға ниет еткен азаматтар осы аралықта тапсырыс бере алады. Сондай-ақ 17 шілдеден бастап осы сайт арқылы мұқтаж отбасылардың құрбандық етін алу үшін өтініштері қабылданады. Мұқтаж отбасылардың өтініштерін қабылдау, сараптау және құрбандық еттерін жеткізіп беру жұмыстарымен ҚМДБ-ның жергілікті өкілдіктері және еріктілер айналысады», – деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Дін мамандарының айтуынша, құрбан шалу «сары» және «жасыл» аймақтарда онлайн және офлайн форматта өтсе, «қызыл» аймақтарда qurban2021.kz сайты арқылы тек онлайн режимде құрбан шалынады. Дұға кезінде рәсімге тапсырыс бергендердің есімдері айтылатындай бейнежазба режимінде белгіленген орында өтеді. Бейнежазба кейін тапсырыс берушіге жіберіледі. Рәсімді өткізуге арнайы топ бекітіледі, бөгде адамдарға кіруге тыйым салынып, барлық жұмыс санитарлық талаптарға сәйкес жүргізілетін болады. Биыл құрбандық шалатын арнайы орындарда ASHYQ мобильді қосымшасы іске қосылады. Осыған орай «қызыл», «сары» мәртебесі бар азаматтар да құрбандық шалу орындарына кіргізілмейді.

ҚМДБ төрағасының айтуынша, 20 шілде күні республика аумағында таңғы сағат 07.00-де қатаң санитарлық норма талаптарын сақтай отырып, аймақтарда 10 минуттық Құрбан айт намазы оқылады. Дегенмен, «қызыл» аймақта Құрбан айт намазы жергілікті санитарлық мемлекеттік бас дәрігердің қаулысына сәйкес оқылады. Рұқсат етілмеген аймақтарда, айт намазының орнына үйде екі рәкат нәпіл намазын оқу ұсынылады.

Елімізде бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес, 19-22 шілде аралығында мал сою цехы мен базарлардың жұмыс істеуіне тыйым салынған. Сондай-ақ, малды союға, оны автокөліктер мен жеке үйлерде сатуға тыйым салынады.

Алматы қаласының бас имамы Оспан Төлебидің мәліметінше, биыл Алматы қаласында 1108 ұсақ және 50 ірі қара мал құрбандыққа шалынады деп жоспарлануда. Құрбандық еті 5 545 мұқтаж отбасы мен 14 мекемеге бөлініп берілмек.

Құзырлы органдар өкілдері Құрбан айт мерекесі кезінде КВИ-дің одан әрі таралуына жол бермеу үшін халықты қатаң карантиндік шараларды сақтауға, адамдар көп жиналатын шараларға бармауға шақырады.

Айгүл АХМЕТОВА,  
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

# ЕКПЕГЕ КҮДІКТЕНУ КОРОНАВИРУСТЫ КӨБЕЙТТІ

Алматы қаласының бас санитар дәрігері Жандарбек Бекшин ел ішіндегі екпеге қарсы насихат салдарынан қалада індетті жұқтыру дерегі көбейіп кеткенін мәлімдеді. «Бүгінде аурухананың реанимация бөлімшелерінде жатқан науқастардың шамамен 100 пайызы вакцина салдырмаған. Бұл антиваксерлер жұмысының кесірі» – деді Бекшин. Оның айтуынша, қазір инфекция жұқтырудың негізгі ошағы – сауда кешендері, яғни індетті жұқтырушылардың 31 пайызы сауда орындарында індетті жұқтырған. Сондай-ақ, вакцина салдырмаған адамдар инфекцияны жұқтырып әкеліп, отбасының басқа мүшелеріне тарататынын атап өтті.

Расында да, күн өткен сайын инфекция жұқтырушылардың қатары артып барады. Қазір шамамен бір тәулікте алты мыңға жуық адамның індет жұқтырғаны ПТР арқылы расталып отыр. Тіпті балалар арасында да індет жұқтыру көрсеткіші арта түскен. Алматы қаласының бас санитар дәрігері «Бүгінде төрт мыңнан аса оқушы 6,5 айда инфекция жұқтырды. Бірақ былтыр барлығы 281 болған. Бір жасқа дейінгі 1180 бала ауырып қалды. Бұл да

антиваксерлер жұмысының салдары, өйткені ересек отбасы мүшелері вакцина алса, инфекцияны үйге әкелмеуі мүмкін еді», – дейді. Ересектер мен балалар арасында жедел таралып бара жатқан індет түрленіп, ортаға бейімделуімен тіпті қауіпті болып отыр.

Шыны керек, қазір қоғамның індетке бойы үйренгені байқалады. Сондықтан сақтануды да ұмытқан. Қоғамдық көлікте де, қоғамдық орындарда да, тіпті тойларда да маскасыз, әлеуметтік арақашықтықты сақтамай жүрген жандар көп. Сондықтан былтырғы жағдайдың қайталанбасына да кепілдік жоқ. Тіпті былтыр осы індеттің кесірінен жақынынан айырылғандар биыл топырлатып адам жинап, карантиндік шектеуге қарамастан жақынын еске алуға тырысуда. Былтырғы қиын жағдайда жерлеуін дұрыс ұйымдастыра алмағандықтан, марқұмдардың туыстары асын дұрыстап беру үшін, алыс-жақын дағыларды жинап жатқанын түсінуге болады. Бірақ, жан жақтан қаншама адамды бір сәтте жинау, індетті тіпті өршітпесіне кім кепіл?! Бір өлімнің, тағы жүздеген жанның жұқтырып алуына себепші болуы әбден мүмкін. Сондықтан



мамандар көпшілік жиналған жерлерге сирек барып, барынша сақтық шарасын сақтауды талап етіп отыр. Өйткені, жағдайдың тағы ушығып бара жатқаны байқалады.

Егер дәл осылай күніне 5-6 мың адамнан ауыра берсе, тағы ауруханаларда орын болмай науқастар саны артып, өлім жітім көбеюі мүмкін. Сондықтан босансымай, қауіпсіздік шараларын қайтадан қолға алмасақ, былтырғы қаралы шілденің кебін қайта қиетін тәріздіміз.

індет сонысымен қауіпті. Бұл кеселден қалай құтылатынымызды, қашан құтылатынымызды ешкім білмейді. Сондықтан барынша сақтық керек. Вакцина алу, алмауды әркім өзі біледі. Бірақ сақтанудың бір жолы болса ол осы вакцина, екенін ұмытпауымыз керек. Сақтанудың басқа жолы өкінішке орай әзірге жоқ. Вакцинаның өзі 100% қорғайды, оны ашық айту керек. Осыны айтып, қазір біреулер елді адастырып жүр. Себебі, ағзада иммунитет қалыптастыру әр адамда әртүрлі. Біреуде тез, біреуде кеш. Вакцина екен соң да кей жағдайда вирус жұғып жататыны сондықтан. Вакцина алып, иммунитет қалыптастырсаң үлгерсе, вирус жұқтырып жатсаңыз, онда жеңіл өтеді. Бұл ақиқат. Адамзат ғылымның арқасында талай вирусты жеңді. Вакцинамен тоқтатты. Мынаны да солай тоқтатады. Тек уақыт керек. Әр адам жеке басының саулығына жауапты болса, ауру одан әрі таралмас еді. Сондықтан тезірек екпе алып, қауіпсіз орта қалыптастыруға тырысуымыз керек.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

## ЕТ БАҒАСЫН АРЗАНДАТА АЛАМЫЗ БА?



Болатхан МАХАТОВ, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор:

– Өйткені, ағзаға пайдалы деп қымыз бен қойдың сорпасын іздеп кеттік. Барлық сала жұмысын тоқтатып жатса да, ауыл шаруашылығы саласының жанданып кеткенін байқадық. Үйінде бірнеше ай бос отырып қалғандардың өзі сиыр алып, сүтін ішіп, балапан алып, тауық қылып, тегін жұмыртқасын жеп қолда бар шаруашылығына көңіл бөлуге тырысты. Демек, ауыл шаруашылығы саласы өміршең сала. Болашағы бар. Сондықтан, әлі де болса осы салаға көңіл бөліп, экспортқа да назар аударып, өз халқымызды да арзан, сапалы азық түлікпен қамтамасыз етуді қолға алсақ дұрыс болар еді.

Жалпы, бір байқағаным біздің ауыл шаруашылығы өнімдерімізге өзге елдерден сұраныс жақсы. Табиғи, дәмді, химиялық күштеусіз өсіргендіктен көңілдері ерекше. Олардың осы сұранысын ескеріп, соған сай еңбек етсек керемет болар еді. Егер ұлан-байтақ даламызды игеріп, жауын суын дұрыс бағыттау арқылы жерімізді емуді қолға алсақ мұртымызды балта шаппас еді. Біздің етімізге де басқа ел тарапынан сұраныс жақсы. Оны да ескеруіміз керек. Әдетте өзге елдердің бір қалыптасқан әдеті бар. Экспортқа бөлек өнім, өздерінің халқының тұтынуына басқа өнім өндіріп шығарады. Біз де осы әдісті үйренуіміз керек. Бар жақсыны шетке жіберіп, өзіміз саусақ сорып қалмаудың жолдарын қарастыруымыз керек.

– Не экспортқа шығара алмай, не өзіміз дұрыс игере алмай шаруаларды шаш етектен шығынға батырып, оның барлығы елімізде дұрыс басқару жұмыстарының жоқтығынан. Экспортқа шығатыны мынша, елде қалдырып, бағасын бақылауда ұстап тұрып, халықтың тұтынуына бөлетініміз мынау деп алдын ала бәрін жоспарлап алсақ, мұндай қиналмас едік. Бізде дұрыс жоспарлау жоқ, мемлекет араласып, халықты қамтамасыз ететінін бағасын жоспарлап, сақтайтын қоймасын даярлау керек қой. Сыртқа кететінді алдын ала тұқым сеппей жатып артығымен жоспарласақ мұндай қарбалас болмас еді. Ет бағасына да қатысты бұл әңгіме. Аграрлы ел боламыз деп, сыртқа экспорттай бастап едік, елдегі ет бағасы шарықтап шыға келді. Біздің ауылшаруашылығы саласындағы өнімдерімізге сұраныс жоғары. Бірақ экспортқа жіберіп, өз халқымыз аш отырса немесе қымбат азық-түлікке қолымыз жетпей отырса басқаны жарылқағаннан не пайда?! Осы орайда айта кетер жайт, қазір базарларда тым майда картошка мен сәбіздер де сатылымда тұр. Басқа уақытта малға азық қылып беретін жарамсыз көкөніске дейін пайдаланып кеттік. Бағасының арзандығына қызығып, халық соны сатып алуға мәжбүр. Сондықтан бізге баға саясатына бақылаумен қоса, халық тұтынатын азық түлікті алдын ала жоспарлап үйрену керек.

Сауалнаманы дайындаған Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

**ПИЛОТТЫҚ ЖОБА**

**Еңбек дауларының алдын алу, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы шиеленісті болдырмау – мемлекеттің басты ұстанымы. Себебі, азаматтардың жайлы өмір сүріп, болашағына үмітпен қарауы еңбек өнімділігіне ғана емес, табысының тұрақтылығы мен жұмыс берушінің сенім, қолдауына тікелей байланысты.**

**ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ  
АЛДЫН АЛУ – ПАРЫЗ**

Өкінішке орай, еңбек заңнамасын қолдануда, еңбек және жұмыс шарттардың орындалуында, жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы келісім-шарттың жүзеге асуында түйткілдер орын алып, соның кесірінен даулардың туындауы аз кездеспейді. Мұндай жағдайларға көбінесе азаматтардың құқықтық сауатының төмендігі, арнайы білімінің жоқтығы, шарасыздығы мен жұмыс берушінің жауапсыздығы түрткі болып жатады. Міне осы мәселені онтайлы шешу үшін еліміздің Жоғарғы Соты еңбек дауларының алдын алу бойынша ауқымды жұмыстарға мұрындық болып келеді.

Мәселен, 2019 жылдан бері еліміздің соттарында «Еңбек дауларының алдын алу» пилоттық жобасы жүзеге асырылуда. Пилоттық жоба бірнеше бағытта іске асырылып отыр. Оның біріншісі, әрине құқықтық сауатты көтеруді, ақпараттық ашықтықты қалыптастырып, насихат жұмыстарын кеңейтуді көздейді. Сот тарапынан жоба шеңберінде медиаторлар, кәсіподақ өкілдері, ұйымдардың келісім комиссиялары, еңбек инспекциясының мемлекеттік инспекторларының қатысуымен сотқа дейін және соттан тыс еңбек дауларын шешу, келісім комиссиясымен жеке туындаған дауды шешу және қарау, еңбек заңнамасының негізгі сұрақтарына жауап дайындау, жалақыны өндіру бойынша сот тәжірибесін зерделеу, еңбек дауларының алдын алу, медиациялық рәсімдерді қолдану тақырыптарында дөңгелек үстелдер мен семинарлар, еңбек ұжымдарымен кездесулер ұйымдастырылып, мұның барлығы БАҚ арқылы қалың бұқараға кеңінен жетуде.

Пилоттық жобаны басшылыққа ала отырып еңбек дауларының алдын алу жұмыстарына өзге құзырлы орын өкілдерін тарту да негізгі бағыттың бірі. Өйткені, мұндай маңызды істі тек

соттың ынтасымен жолға түсіру мүмкін емес. Сондықтан да бүгінгі күнге дейін соттар аумақтық кәсіподақ ұйымдарымен, әкімдікпен, түрлі іргелі мекемелермен екіжақты кездесулер өткізіп, жұмысшылар құқығының тапталмауына, екіжақты теңдіктің сақталуына мүдделі танытып жүр.

Бұған қоса, еңбек дауларын ұзаққа созбай шешуде келісім комиссиясынан бөлек, медиаторлардың, жергілікті Билер кеңесінің, аймақтағы Ақсақалдар алқасының көмегі аз емес. Олардың біліктілігін көтеру, заңдық білімін жетілдіру бойынша да бүгінгі күнге дейін талай тындырымды шаралар қолға алынды.

Жалпы, еңбек дауларын сотта қарағаннан, сотқа жеткізбей татуластыру жолымен шешкен әлдеқайда ыңғайлы. Шағын кәсіп иелері болмаса, ірі кәсіпорындар өз ішіндегі дауға өзгелерді араластырмай, өзара бітіммен, келісіммен бітіруге ынталы. Кәсіпорындар абыройын ойлайтын жұмыс берушілердің жылдар бойы қалыптасқан сенім капиталына сызат түсіргеннен гөрі, жұмысшы талабын реттеуге тырысатыны сондықтан.

Бүгінде ізгі мақсатты көздеген аталмыш пилоттық жоба оң нәтижесін бере бастады. Еңбек дауларының алдын алуда ұйымдар ішінен құрылған келісім комиссиялары да, еңбек шартының орындалуын құзырлы орындар да қырағы қадағалап отыр. Мұның барлығы әлеуметтік шиеленістерге жол бермейтіні анық. Еңбек жанжалдарының алдын алу, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мәселелері бойынша да зерделеу жұмыстарын жүргізу жұмысшылар құқығын қорғаудың кепілі.

**Бауыржан ТОҚБАЕВ,  
Жаңаөзен қалалық  
сотының төрағасы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

**КИЕ****ТІЛ – ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРУШЫ**

Мемлекеттік тілдің мәртебесі арқашан биік. Ата Заңымыздың 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Осыдан көріп тұрғанымыздай, бізде ең алдымен басымдық қазақ тіліне берілуі керек. Қазақ тілін қолданушылар жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл қуанаарлық жағдай. Соның жылдары мектеп бітіретін түлектердің 90 пайызы ұлттық біріншілік тестілеуді қазақ тілінде тапсыруға ниет білдірген. Яғни, үлкен өмірге қадам басқан жастардың таңдауы – қазақ тілі. Мектеп қабырғасында қазақша білім алып, ертеңі туған тілімен байланыстырған жастардың шоғыры қалыптасқаны ертеңгі күнге деген үмітті нығайтады. Тек қоғамдағы мемлекеттік тілдің қолданысы осы жастар талабына сай болса дейміз.

Саланы қазақыландыру, іс қағаздарын қазақша дайындау бойынша қазақстандық сотта атқарылып жатқан шаралар ұшан-теңіз. Қай сот ғимаратына кірсеңіз де көрнекі жерге ілінген ақпараттық хабарламалардың дені мемлекеттік тілде жазылған. Сонымен бірге сотқа қатысты сауалдарға екі тілде тең жауап жолданып, кеңсе мамандарының мемлекеттік тілді жетік меңгеруіне ерекше мән беріледі. Себебі, сот табалдырығын аттаған азаматтар өздері білетін тілде тілдесіп, қазақша қызмет көрсетілгенін қалайды. Жоғарғы Соттан бастап, аудандық соттарға дейін сайттағы ақпараттардың үнемі жаңғыртып, мемлекеттік тілдегі насихат жұмыстарына барынша кең көлемде орын береді. Жаңа заңдарды, сот тәжірибесін таныстырған судьялар мақалалары да көбінесе қазақ аудиторияға арналған. Бұл да қазақ тілді оқырман құқықтық тұрғыдан сауатты, заңдағы жаңалықтардан хабардар болса деген ізгі ойдан туған.

Сот тарапынан ұйымдастыры-

латын қоғамдық қабылдау, онлайн жиындарда мемлекеттік тілге басшылық беріледі. Судьялар мұндай шараларға азаматтарды қызықтыратын, қоғамның талқысында жүрген тақырыптарды таңдап, сол бойынша көпшілік көкейіндегі сұрақтарға жауап беруге тырысады. Әрине, сот саласындағы мемлекеттік тілдің қолданысын тек судьялардың күшімен жолға қою мүмкін емес. Біз мемлекеттік тілдің мерейін өсіруге, тілге деген сұранысты көбейтуге барынша күш салып жатырмыз. Алайда құқықтық мәселелерді талқылауға қазақ тілді азаматтар белсенді бола бермейді. Көбінесе сауалдар ресми тілде қойылып, пікір ресми тілде айтылған соң, судьялардың да сол тілде жауап беріп, пікірталасқа араласуына тура келеді.

Тағы бір байқалатыны, бізде әлі күнге дейін өз құқығын талап ету жағы кемшін. Оны күштік құрылымдарға ісі түскен, адвокаттар мен заңгерлер көмегіне жүгінген азаматтар тәжірибесінен байқау қиын емес. Мәселен, қазақша ойлап, өз пікірін мемлекеттік тілде ғана жетік жеткізе алатын азаматтардың ісі тергеушілер мен адвокаттардың әсерінен ресми тілде таразыланатын кездер баршылық. Өйткені, күштік құрылым қызметкерлеріне іс қағаздарын үйреншікті құжат үлгісіне салып жазған жеңіл. Ал адвокаттар мен заңгерлер арыз жасағанда өз қорғаушылары адамның мүддесінен гөрі, істі өзіне ыңғайлы тілде жүргізу жағына көбірек мән береді. Осы түйткілді шешу үшін сот бастамасымен түрлі жиындар өткізіп, онда құзырлы орындарды мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге шақырамыз. Әрине, мұның нәтижесі бірден байқала қоймауы мүмкін. Дегенмен, сот тарапынан қолға алынған шаралар қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қызмет етеді деп сенеміз.

**Марина САХИПОВА,  
Орал қалалық №2 сотының судьясы**

**ПАЙЫМ****АЛҚАБИЛЕР СОТЫ – ӘДІЛДІКТІҢ КЕПІЛІ**

Алқабилер соты өркениетті елдердің құқықтық кеңістігінде бұрыннан бар. Дамыған мемлекеттер сот ісіне халық өкілдерін тартуды бұрыннан тәжірибеге енгізген. Мұндай институттың зайырлы қоғам құруда маңызды рөл атқаратыны ақиқат.

Біздің елімізде «Алқабилер туралы» заң 2006 жылдың қаңтар айында қабылданды. Осы заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуын құқықтық тұрғыда реттеп, алқабилердің құқықтық мәртебесін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындап берді. Бүгінде алқабилер соты демократияның ажырамас бөлігі, азаматтық қоғам институттарын дамытудың, адам құқықтарын сапалы қорғаудың тетігі деп танылды.

Міне «Алқабилер туралы» заңның

қабылданып, елге үздіксіз қызмет етіп келе жатқанына он бес жыл болды. Осы уақыт аралығында алқабилердің қатысуы мен көптеген істер қаралды. Алқабилердің құзыреті кеңейіп, олардың қатысуымен қаралатын істердің санаттары, түрлері көбейді. Бұл өз кезегінде халық өкілдерінің сот жұмысымен етене танысуына, қазылық етудің қыр-сырын меңгеруіне, сол арқылы құқық, сот саласындағы жұмысқа оң көзқарасының қалыптасуына ықпал етті.

Жалпы, алқабилер дегеніміз қылмыстық істі қарауға шақырылған және ант қабылдаған еліміздің кез келген азаматы. Ендеше алқабилер соты – сот төрелігін жүзеге асыруға халықтың қатысуы. Бұл институттың қоғамға берері аз емес. Ең алғашқы оң әсері – азаматтардың сот төрелігіне деген сенімінен көрінеді. Өйткені сот процесіне тікелей қатысып,

ақ пен қараны айырудың қаншалықты қиын, іс бойынша бір шешімге келудің қаншалықты жауапты екенін сезіну қарапайым халықтың елдегі сот жүйесіне деген құрметін қалыптастырады. Екіншіден, алқабилер соты – әділдіктің кепілі. Ел ішінен іріктеліп, үкім ету артықшылығы ұсынылып отырған азаматтардың заңды белден басуы, әділдікті сақтамауы мүмкін емес. Үшіншіден, алқабилер соты сот жүйесін жетілдіруге, саланы жаңғыртуға сеп. Төртіншіден, бұл жүйе қазақстандық сотты халықаралық стандартқа жақындатты.

Әрине, заң қабылданған он бес жыл ішінде алқабилер сотында кемшілік орын алмады деп айта алмаймыз. Өйткені, алғашқы жылдары бұл институт-тың мәнін, мағынасын түсінбегендер аз болмады. Соның кесірінен алқабилер болудан бас тартып, жауаптылық алудан жалтаратындар пайда болды. Алайда, алқабилерді сыртқы ықпалдан сақтау жолының қарастырылуы, сот процесіне қатысуына кедергінің болмауы, әр сот отырысы үшін еңбекақының төленуі жаңа институтқа деген қызығушылықты көбейтті. Бұрын алқабилер болу талабына сай келмейтін жандардың да тізімге еніп кету жағдайлары жиі қайталанатын. Әкімшіліктер тарапынан орын алған бұл кемшіліктер де ретімен шешіліп келеді. Он бес жылдан бері халыққа мінсіз қызмет етіп келе жатқан Алқабилер соты алдағы уақытта да ел игілігіне жарайды деп сенеміз.

**Еркін МАЙШЫНОВ,  
Алматы қалалық қылмыстық  
істер жөніндегі мамандандырылған  
ауданаралық сотының судьясы**

**ЖАҢА ЗАҢ****ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ҚОЛДАНЫСТА**

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылданып, соған орай жария-құқықтық дауларды қарайтын мамандандырылған әкімшілік соттардың жұмысын бастағанына санаулы уақыт өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде дайындалған бұл құжат мемлекеттік, әкімшілік органдар мен қарым-қатынастарда азаматтардың жаңа құқықтық кепілдіктерін белгілеп отыр.

Әкімшілік әділет институты жолға қойылған елдердің бәрінде мемлекеттік қызмет барынша ашық, ел басқарудың тиімді жүйесі қалыптасқан. «Жақсыны көрмекке» демей ме? Ел игілігіне жараған жүйені Қазақстанда сынап көру туралы ұсыныстың айтылғанына да біраз уақыт болған. Көпшілік талқысына айналған тақырыптың жүзеге асуын Мемлекет басшысының жолдауындағы тапсырмасы жеделдетті десек артық емес. Осылайша Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енді. Жаңа бастама өз мақсатына жету үшін арнайы әкімшілік соттар құрылып, оған білікті, кәсіби тұрғыдан өскен судьялар іріктелді. Әрі судьяларды соны іске бейімдеу, тәжірибелерін шыңдау мақсатында қосымша оқу сабақтары ұйымдастырылды.

Шын мәнінде бұл біздің сот құрылымы үшін өте үлкен, күрделі реформа. Әкімшілік әділеттің енгізілген елдерде

барлық салада алға жылжу орын алып, оң өзгеріс байқалған. Бизнес ахуал жақсарып, экономикаға инвесторлар көптеп келе бастаған. Адамдардың әл-ауқаты артқан. Осының өзі әкімшілік әділеттің билік пен халық арасын жақындатудың нақты құралы екенін дәлелдейді. Сондықтан бұл реформаның тиімді жүзеге асуына жақсы нәтиже күтуге болады. Мұндай іргелі қадамның мемлекеттік құрылымдарға айтарлықтай әсер етері, батпандай жауаптылық жүктейтіні талассыз. Сонымен бірге, бұл жаңашылдық мемлекеттік органдар қызметін ширатып, жедел, сергек қимылдауға, сапалы жұмыс атқаруына түрткі болады. Ең бастысы, тұтынушы талабын ескере отырып әрекет жасауға итермелейді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің тәжірибеге енгізілгеніне көп өте қойған жоқ. Бүгінде бұл құжаттың артықшылығын, мақсаты мен міндеттерін түсіндіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Өйткені, азаматтар ендігі жерде мемлекеттік құрылымдар заңсыздығынан қорғайтын пәрменді заңның барын білуі, біліп қоймай, оны өз қажетіне пайдалана алуы керек.

Жалпы, мемлекеттік органдар көптеген қызметкерлерді топтастырған алып мекеме. Мұндай ортадағы қызметкерлердің білімі мен қабілеті тұтастай талап үдесінен шыға бермейтіні түсінікті. Алайда құрылым атына көлеңке түспеуі үшін мемлекеттік органдардың өз қыз-

меткерлерінің қателігін жасырып, даулы мәселелерде қолдау көрсетуі қалыптатып жатпай айналып. Содан болар, бұған дейін қарапайым азаматтар мемлекеттік орган қызметіне көңілі толмай, заңсыздық орын алса да арыздануға, құқығын сот арқылы қорғауға ынта таныта қоймайтын. Білікті заңгерлер топтасқан мекемеге қарсы тұрудың нәтижелі болмайтынын түсінетін. Оның үстіне, өз арзығын негізділігін, уәжінің дұрыстығын дәлелдеу азаматтарға жүктелгендіктен, қолы қысқа жұртшылық қажетті құжаттарды ұсына алмай қиналатын еді. Статистикаға жүгінсек, жария-құқықтық даулардың 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілген. Осының өзі азаматтардың құқығын күшейтіп, алдымен аштырмағаны анық. Дегенмен, жаңа кодекс осы кемшіліктердің барлығын ескеріп, азаматтардың мүддесін созбалғағ салмай шешуге бағытталып отыр.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте даулар мүлде басқа принциппен қаралады. Мұнда жеке тұлғалар құқығын қорғауға артықшылық берілген. Сот та азаматтар жағында. Енді судья өз құзыреті шегінде шешімінің заңды немесе заңсыз екенін әкімдік, мемлекеттік органдардың дәлелдеуін талап етеді.

**Гүлмира РАХИМБАЕВА,  
Қазығұрт аудандық сотының судьясы  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

**МЕЖЕ****КАРАНТИНДЕГІ ТӨРЕЛІК**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сот жүйесіндегі реформаларға үнемі баға беріп, бағыт сілтеп отырады. Ол әкімшілік әділеттің халыққа қызмет етуі керектігін, сот жүйесіне білікті мамандарды жұмылдырып, әділ сот төрелігін орнықтыру қажеттігін айтқан болатын. Сот реформасындағы нәтижелі әрі табысты жобалардың бірі болған спрент сот немесе «IT сот төрелігі» де Президент бақылауында. Сот жұмысына ақпараттық технологияны енгізудің тиімділігі бытырғы пандемия кезінде анық байқалды.

Технология соттардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуді жеңілдетті. Сондықтан оны енгізу, ең алдымен, қоғамның соттарға деген сенімін нығайту үшін жасалып отыр. Сонымен қатар, соттар мен сот рәсімдері қазіргі заман талабына сай болып азаматтарымыздың, бизнес пен инвесторлардың құқығын қорғауға тиіс. Президент республика судьяларының VIII съезіне қатысып, соттар-

дың індетке қарамастан нәтижелі қызмет етіп отырғанын, төтенше жағдай кезінде жылдам шешім қабылдағанын атап өтті.

Соттарға IT қызметтерінің талдау жасау мүмкіндігін пайдаланудың маңыздылығы зор. Соттар қылмыстық процесті жүргізу барысында еркін әрі сенімді болуы керек. Әрбір дәлел мен айғақтарды зерттеп, зерделеу, азаматтар құқығын лайықты қорғау судьяның басты міндеті. Ал оны онлайн режимде жүргізу – судья үшін үлкен сын. Сот жүйесіндегі барлық реформаның негізі адам игілігіне бағытталған. Сот рәсімдері бәріне түсінікті болуға тиіс. Сот онлайн өтсе де, тікелей қатысу арқылы өтсе де, әр тараптың көкейінде түсініксіз сұрақ қалмауы керек. Бұл жерде де жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану маңызды рөл ойнайды.

IT технологиялардың артықшылығы онтайлы қолданудың арқасында сот беделі де арта түсті. Әуелден-ақ сот залдары жаңа заманға сай, сапалы

дыбыс-бейнежазба жүргізуге арналған техникалармен жабдықталған. Сотқа жүгінуді тараптар өздерінің талап-арыздары мен өтініш-шағымдарын Жоғарғы Соттың интернет ресурсындағы «Сот кабинеті» сервисі арқылы тапсыруда. Одан басқа барлық іс қағаздары мен құжат айналымы электронды жүйе арқылы жүргізіліп келеді. Қазіргі карантин жағдайына байланысты соттар әлі де істерді онлайн режимде қарауда. Әр сот залына дбыс-бейне жазба камерасы орнатылған. Тараптар іске Whatsapp, Skype, Zoom бағдарламалары арқылы қосылады.

Елімізде сапалы сот төрелігін жүргізуге техникалық та, материалдық та жағдай толық жасалған. Дегенмен, бұл азаматтардың даумен сотқа жүгінулерін арттыруға сеп болмау керек. Керісінше, жылдам әрі сапалы қызмет дауласушылардың мәселесін дер кезінде шешуге бағытталған.

**Аида БҰЛАҚБАЕВА,  
Ақтау қалалық сотының судьясы**

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндай тізімдер қалалық және ауылдық елді мекендердің аумақтарын нұсқаушылық және есеп учаскелеріне дұрыс бөлу және тұрғын санын екінші кезек қызметкеріне жүктемені біркелкі бөлу үшін қажет болды. Сондай-ақ, бұл санақ кезінде тұрғындар есебін толықтай қамтуға мүмкіндік береді. Бұл жұмысқа 6 мыңнан аса адам жұмылдырылды. Олар тұрақ иелерінің мекенжайы мен онда тұратын адамдардың санын ғана сұрады. «Деректер базада бар, аралаудың не қажеті бар?» деп сұрағандар да болды. Қазіргі аралық нәтиже бойынша айтсақ, мекенжай регистрі бойынша базаға енген нұсандар анықталды. Мұндай жағдайлар мәселен, Нұр-Сұлтан қаласы мен Алматы, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Атырау мен Павлодар облыстарында болды. Қазіргі уақытта аумақтарды есептік учаскелерге бөлу жұмыстары жалғасуда.

Негізгі кезек қалай өтеді?

Еліміз тәуелсіздік алғалы халық санағы үшінші рет өткізілді. Халықаралық тәжірибеге сәйкес, санақ шамамен 10 жылда бір рет өтуі керек. Бұған дейін бізде бұл шара қағаз толтыру арқылы жүргізіліп келген. «Биылғы санақ бұрынғылардан өзгерек» деп айтамыз өз арамызда. Өйткені, жаңа технологиялар пайдаланылады. Енді халық туралы деректерді жинау процесі екі әдіспен жүзеге асырылады.

Бірінші әдіс – sanaq.gov.kz мамандандырылған сайтта интернет-сауал салу жүргізу, ол виртуалды көмекшінің көмегімен респонденттердің орналасқан жеріне қарамастан өздігінен санақтан өтуге және өзімен отбасы мүшелеріне санақ парақтарын толтыруға мүмкіндік береді. Сайт 2021 жылғы 1 қыркүйек пен 15 қазан аралығында тәулігіне 24 сағат бойы қолжетімді болады. Санақ сұрақтарына жауап берілген сон респонденттің көрсеткен телефон нөмірі мен электронды поштасына тиісті хабарлама келеді. Ол хабарламаны санақ аяқталғанға дейін өшірмеу керек. Респонденттерді жаппай аралау кезінде оны интервьюерге көрсету керек болады.

Екінші, дәстүрлі жаппай аралау белгіленген мерзімде онлайн режимде санақтан өтпеген респонденттер арасында өткізілетін болады. Айта кетейін, жаппай аралау кезінде де қағаз қолданылмайды. Интервьюерлердің қолында арнайы планшет болады. Бұл санақ персоналдың еңбек шығындарын азайтуға, адам фактордың деректер сапасына әсерін азайтуға, ЖСН-ді қолдана отырып, халық санағы деректерінің анықтығы деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңсе керек-жарактарын едәуір үнемдеуге, сондай-ақ, деректерді жинау кезінде интервьюерлердің ыңғайлылығы мен ұтқырлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Осы тәсіл кезінде алғашқы деректерді автоматты түрде енгізу және оларды республикалық деңгейде өңдеу көзделген. Осылайша деректерді жинау және өңдеу процесінде неғұрлым жоғары тиімділік қамтамасыз етіледі. Планшетке арналған мобильді қосымша әзірленді, ол интервьюерге барлық енгізілген арифметикалық-логикалық бақылауларды ескере отырып, сауал жүргізуге, жіктеуіштер мен анықтамалықтарды қолдануға және сауал салу аяқталғаннан кейін алынған деректерді VPN арнасы арқылы тікелей жалпы деректер базасына жіберуге мүмкіндік береді.

Үй-үйді аралау 1-30 қазан аралығында өтеді. Деректердің қамтылуын және



Олжас САЙЛАУБЕКҰЛЫ, «Ұлттық халық санағы – 2021» шарасының ресми өкілі:

# «ТАРИХИ СӘТТЕ ХАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ БОЛУ КЕРЕК»

анықтығын тексеру мақсатында респонденттердің 10%-на бақылау аралау қосымша жүргізілетін болады. Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіруші ақпарат ретінде сұралатын адамның ЖСН-і пайдаланылатын болады. Бұл мәліметтердің қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

Санақ жұмыстарына кімдер жұмылдырылады?

Бұған дейін алғашқы кезекке 6 мыңнан аса қызметкер тартылады деген едік. Негізгі екінші кезекке жалпы саны 26 мыңнан астам адам жұмылдырылады. Олардың әрқайсысымен жеке-жеке еңбек шарттары жасалады. Соған сәйкес қарастырылған жалақы бар. Негізгі кезектің интервьюеріне 30 күн ішінде толық көлемде қызмет көрсетілген кезде 104 мың теңге төлеу жоспарлануда. Ал нұсқаушы-бақылаушына 45 күн ішінде толық көлемінде көрсетілген қызметтер үшін 125 мың теңге төлеу жоспарлануда.

Санақ қызметкерлері арнайы оқу курсынан өтеді. Ең негізгі талап 18 жастан асқан, планшетпен жұмыс істей білетін азамат болуы керек. Ескере кететін жағдай, интервьюер халықтың жеке мәліметімен жұмыс істегендіктен, онымен қосымша шарт жасалады. Онда заңмен көрсетілген талаптарға сай жеке мәліметтерді жарияламау туралы арнайы пункт бар. Оны бұзған жағдайда заңға сәйкес жауапкершілік қарастырылған.


Есігіңізді қакқан интервьюерді қалай тануға болады? Оның мойнында санақ логотипі бар көк шарфы, көк сөмкесі, қолында планшеті мен санақ куәлігі бар бейджигі болады. Куәлікте оның фотосуреті, толық аты-жөні, берілген күні мен қолдану мерзімі, аумақтық статистика бөлімшесі басшысының қолы мен мөрі көрсетіледі. Егер тұрғын күмәнданатын болса, кез келген уақытта қысқа 1446 нөміріне хабарласу арқылы тексере алады.

Қандай сауалдар қарастырылған?

Санақ парақтарына сауалдар халық санағы мен тұрғын үй қорын жүргізу жөніндегі Еуропалық статисттердің конференциясының ұсыныстары негізінде енгізілді. Сондай-ақ, ТМД мемлекетара-

лық статистикалық комитетінің әдіснамалық материалдары пайдаланылды.

2009 жылғы халық санағына қарағанда тілдерді менгеру, неке жағдайы, бала туу және жұмыспен қамту сұрақтары кеңейтілді. Сондай-ақ, Вашингтондағы БҰҰ-ның мүгедектік статистикасы бойынша тобы ұсынған жаңа сұрақтар енгізілді, олардың мақсаты халық санағын жүргізу кезінде пайдалануға жарамды мүгедектік критерийлеріне ерекше назар



аудары отырып, денсаулық сақтау статистикасы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге жәрдемдесу болып табылады.

1-ІІІ «Тұрағындар және (немесе) келушілер тізімі», 2-Ж «Тұрғын үй жағдайлары» санақ парақтары барлық үй шаруашылығына (отбасына) толтырылады, ал 3-І «Жеке» санақ парағы үй шаруашылығының (отбасының) әрбір мүшесіне толтырылады. Санақ парақтарын арнайы sanaq.gov.kz сайтынан көріп, танысуға болады.

Тұрғындардың жеке мәліметтерінің қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі?

Ұлттық халық санағын өткізу кезіндегі басты мәселелердің бірі – азаматтардың жеке қауіпсіздігі. Санақ кезінде интервьюерлер еліміздің азаматтарының жеке мәліметтерімен тікелей жұмыс жа-

сауына тура келеді. Және көп адамдарда осыған байланысты «мәліметтер үшінші тұлғалардан қаншалықты қорғалған» деген сұрақ туындайды.

Азаматтардан санақ кезінде алынған барлық ақпараттар Ұлттық статистика бюросының орталық серверіне жіберіледі.

ҰСБ-ның ақпараттық жүйесі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдардың аса маңызды нысандарының тізіміне енгізілген және ҚР ҰҚК «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ-ның талдауына алынған. Токсан сайын жүйенің осал тұстарын анықтау мақсатында тексеру жүргізіліп отырады. Сондай-ақ, санақ қарсаңында ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі сынақтан өткізіліп, ол бойынша оң нәтиже алынған болатын.

Арнайы sanaq.gov.kz сайтының

тердің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін процестер шеңберінде қазіргі заманғы техникалық құралдарды пайдалану арқылы және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органмен бірге жүзеге асырылады. Бұдан басқа, «Мемлекеттік статистика туралы» заңның 8-бабы 1-тармағына сәйкес алғашқы статистикалық деректер құпия болып табылады және оны мемлекеттік статистика органдары тек статистикалық ақпаратты алу, жинау мақсатында ғана пайдаланады. Мемлекеттік статистика органдары алғашқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтау кезінде олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

Санақ жұмыстарына қанша қаржы жұмсалмақ?

2018–2023 жылдарға арналған ұлт-

қорғанышы ретінде сервер мен қолданушы арасындағы ақпарат алмасуы https хаттамасымен қорғалған, әлемдегі ірі сертификаттау орталықтарының бірі – Sectigo SSL-сертификаты алынды.

Халық санағы кезінде мәліметтерді орталық серверге беру екі тәсілмен жүзеге асырылады. Біріншісі – планшеттен онлайн режимде қорғалған желі арқылы (интернетке қосылмай) ұялы байланыс операторының мәліметтерді пакеттік беруі. Мұндай байланыс түрін интервьюер барлық деңгейде (қалалық, аудандық, ауылдық) оператор қызметінің байланыс аймағында планшетті қолданып жүргізе алады.

Екінші тәсіл – ұялы байланыс нашар шалғай ауылдарда сауалнама жүргізу кезінде пайдаланылады. Интервьюер үшін санақ жүргізудің орталық серверіне мәліметтерді офлайн режимінде жергілікті атқарушы органдар (ауылдық округ әкімдіктері) қосылған арнайы желі арқылы беру мүмкіндігі қарастырылған. Мұндай байланыс түрі ЖАО (қалалық, аудандық, ауылдық) барлық деңгейлерінде қолжетімді.

Бұдан басқа мәліметтерді барлық аумақтық статистика органдары қосылған Бюроның деректер берудің ведомстволық желісі арқылы да жіберуге болады.

Жіберілетін барлық файлдар шифрланған. Алғашқы статистикалық дерек-

тік халық санағын қаржыландырудың қажетті көлемі 9,1 млрд теңгені құрайды. Бұл қаржының жартысына жуығы санақ персоналдың жалақысына жұмсалды. Санаққа қажетті планшеттер, техникалық жабдықтарға да осы қаржыдан қарастырылған. Айта кетейін, санаққа дайындық жұмыстары 2018 жылдан басталып кеткен еді. Ол кезде еліміздің екі ауданы, нақтырақ айтсақ, Ақмола облысындағы Бұрабай мен Шығыс Қазақстан облысындағы Аягөз ауданында pilotтық режимде санақ жүргізілген. Сол кезде қазіргі қолданыстағы жүйе тыңғылықты сыналып, қажетті техникалық шешімдер қабылданды.

Негізгі санақ 2020 жылы өтуі тиіс еді. Әлемді шарпыған пандемияға байланысты санақ өткізу мерзімі шегеріліп, биылға қалды. Биылғы санақты барынша ашық өткізу мақсатында sanaq.gov.kz сайты бар екенін атап өткізіледі. Халықты қызықтырған көптеген сауалдардың жауаптары осында бар.

Халық санағының қорытындылары елде болған экономикалық, демографиялық және әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді. Халық санағы барысында алынған статистикалық деректер барлық деңгейдегі бюджеттердің барынша объективті қалыптасуына негіз болады.

Экономика мен бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және дамыту үшін халық санағының ақпараттық деректері қажет, олар тұрғын үй салу және бөлу, демографиялық және көші-қон процестері, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала жөніндегі бағдарламаларды дамытуға және жұмыс орындарын құруға көмектеседі. Халық санағы жұмыс орындары, еңбек ресурстары туралы толыққанды көрініс береді, ал бизнес үшін – түпкілікті тұтынушы туралы маңызды және нақты көрініс береді. Ұлттық халық санағына қатысатын әрбір азамат мемлекеттің әлеуметтік бағдарламаларды жоспарлауға және әзірлеуге елеулі және құнды үлес қосады. Сондықтан алдағы тарихи шараға барша халықты белсене қатысуға шақырамын.

Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

ПІКІР

Мемлекеттік тіл ел тәуелсіздігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алғалы оның өркендеуіне айрықша көңіл бөлінуде. Дегенмен, мемлекеттік тіл мәселесі әлі де өзектілігін жойған жоқ. Оның бір дәлелін соттарда мемлекеттік тілде қаралып жатқан істер санының аздығынан да көруге болады. Оның себебін, сотқа жүгінушілердің арыз-шағымдарын және тағы басқа да құжаттарын қазақ тілінде емес, орыс тілінде «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы жолдайтыны және сот процесінің қай тілде өтуі шағымданушының өз еркінен екендігімен байланыстыруға болады. Сонымен қатар, арыздың ресми тілде жазылуына кейде қазакша дұрыс білмейтін тергеуші, адвокаттардың әсері де болып жатады. Мысалы, Азаматтық процесілік кодекстің 14-бабына сай, азаматтық істер бойынша, сот ісін жүргізу қазақ тілінде, қажет болған жағдайда басқа тілдерде қолданылады. Ел соттарында қазақ

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗ ҚАМҚОРЛЫҚҚА МҰҚТАЖ

тілін қолдану аясын кеңейту мақсатында көптеген игі шаралар өтіп жатыр. Атап айтсақ, жылда біздің сот тарапынан да қазақ тілін қолдану аясын кеңейту және мемлекеттік тілдің дамуына кедергі келтіретін мәселелерді талқылау бойынша дөңгелек үстелдер, семинар сабақтары, мемлекеттік мекемелер арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Жалпы, соттарда мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғары, барлық құжат қазақ тілінде жүргізіледі. Ресми тілде жазылған құжаттардың аударма нұсқасы талап етіледі. Іске қатысушылар заңда белгіленген тәртіппен аудармашы қызметімен қамтамасыз етіледі. Соттар тіл заңдылықтарының сақталуына кепілдік беріп қана қоймай, мемлекеттік тілде іс жүргізуді сапалық белеске көтеруде. Судьялар екі тілді де жетік менгерген. Қазақ тілін жандандыруға соттарда талап

қатан. Соттарда кеңседегі барлық шығыс және ішкі құжаттар, мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүріп жатыр. Статистикалық мәліметтер биылғы жылдың I тоқсанында соттағы жалпы құжаттар айналымының саны 3044 болса, оның ішінде мемлекеттік тілде – 2785, яғни, 92% құрап отыр. ҚР Жоғарғы Соты тарапынан сот актілерінің сапасына қойылатын талаптар күшейтіліп, нормативтік қаулылар қабылданды. ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Жақып Асанов бастамасымен сот процестерін қазақ тіліне біртіндеп көшіру мақсаты көзделуде. Бүгінде мемлекеттік тілдегі сот актілеріне тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Қазақ тілін тұғырына қондыру әсіресе, заң саласында кадрлар қолында. Себебі, «мемлекеттік тіл» мен «мемлекеттік қызмет», ұғымдарын қатар қоймайынша,

азаматтардың қазақ тіліне өздігінен бет бұрмайтындарын уақыт көрсетіп отыр. Қазақ тілінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылықтарын, өзіміздің өткен тарихымызды, салт-дәстүрлерімізді, туған жердің атының шығу тарихын, аңыз-әңгімелерді, мәдени мұраларымызды зерттеп, тануымыз тиіс. Бұл рухани жанғыруға жатады және шынайы патриотизмнің белгісі болып табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында көрсеткендей, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келді. Әрбір қызметкерге өз қызметі барысында азаматтардың тіл таңдау құқығын бұзбай, оны дұрыс қолдануға бағыт-бағдар беруді міндеттеу керек. Олай дейтініміз, қазақ тіліндегі істер санының артуына, яғни, соттарда мемле-

кеттік тілдің толығымен салтанат құруына ең алдымен сотқа жүгінушілердің, сонымен қатар, азаматтық істерде адвокаттың, ал қылмыстық істерде тергеушінің рөлі үлкен. Өйткені, қай салада болмасын мемлекеттік тіл мәртебесінің артып, өрісінің кеңейуі жекелеген қызметкерлерге ғана емес, жалпы қоғам өкілдеріне байланысты.

Еліміз дамып, мемлекетіміз өркендеген десек, әуелі ұлтты ұйымдастырудың құралы болып отырған қазақ тілінің мәртебесін көтеруде белсенділік танытуымыз керек және еліміздің әрбір азаматы ана тілін ардақтап, өзге тілді құрметтеуі керек.

Гүлбарам ТҮЛЕГЕНОВА,  
Ырғыз аудандық сотының бас маманы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

САРАП

СОТТЫҢ БЕЛСЕНДІ РӨЛІНІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРДЫ

ҚР Азаматтық процестік кодексіне енгізілген жаңашылдықтар көп. Заңға енгізілген түзетулер сот жүйесін жаңғыртуды жалғастыруға, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқартуға бағытталды.

Жаңаланған заң судьяның процестік рөліне жаңа тәсілдерді енгізуге, процестік әрекеттерді оңтайландыруға және сот ісін жүргізуді одан әрі цифрландыруға, азаматтық процесте дәлелдемелерді жинау және зерттеу процесіндегі соттың жаңа рөліне қатысты нормаларға негізделген.

Соттың белсенді рөлін енгізу бұл соттың өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинауға құқығы жоқтығы туралы нақты қарама-қайшылықты жоюға мүмкіндік берді. Ал істің толық және жан-жақты қаралуын қамтамасыз ету соттың міндеті.

Мәселен, ҚР Азаматтық процестік кодексіне (бұдан әрі-АПК) өзгерістер енгізілгенге дейін сот істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинаудан толық босатылған болатын.

Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымын, оны қорғаудың тәсілдері мен құралдарын дербес, сотқа және іске қатысатын басқа да адамдарға қарамастан өз беттермен тәуелсіз тандайтын.

АПК-ге түзетулер енгізілгеннен кейін судьяның процестік рөлі өзгерді, оған тараптардың істі толық және жан-жақты қарауы үшін көзделген процестік құқықтарын іске асыруына қажетті жағдайлар жасау үшін өкілеттіктер берілді.

Осы орайда, судья істі сот талқылауына дайындау тәртібімен тіркеуші органдарға сұрау салулар жүргізеді, оларды мемлекеттік органдарға, лауазымды адамдарға жолдайды, осындай өтінішхатты тараптардың мәлімдегеніне немесе мәлімдемегеніне қарамастан, істің нақты мән-жайларын анықтау мақсатында қажетті дәлелдемелерді талап етеді.

АПК-нің 15-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот тараптың уәжді өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша істің материалдарын жинау және зерттеу, тараптар дәлелдерінің негізділігін және сотқа ұсынылған дәлелдемелердің анықтығын тексеру бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ азаматтық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Процестің тергеу элементтері тараптардың іс жүзіндегі теңсіздігін теңестіруге арналған.

АПК-нің 72-бабында бәсекелестік – дәлелдеу міндеті көрсетілген. Әрбір тарап өз сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Дәлелдеу ауыртпалығы тараптарға жүктелген.

АПК-нің 73-бабы дәлелдемелерді тараптар мен процестің басқа да қатысушылары ұсынатынын түсіндіреді.

Мәселен, сот көрсетілген нормалар бойынша объективтілік және бейтараптықты сақтай отырып, процесте бас-

шылықты жүзеге асырады, тараптардың істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды. Тараптарға процестік әрекеттерді жасаудың немесе жасамаудың салдары туралы ескертеді, олардың құқықтық ұстанымдары мен дәлелдемелерін нақтылайды, олармен бірге істің мән-жайларын талқылайды және осы заңда көзделген жағдайларда оларға өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Бұрын соттың іс бойынша дәлелденуіне жататын мән-жайларды анықтау жөніндегі әрекеттері тараптардың біріне қысым жасау немесе толық және объективті көріністі айқындауға қысығушылық танытпай, екінші тарапқа артықшылық жасады деп қабылдап, судьяға негізсіз қарсылық мәлімдеп, судьяның әрекеттеріне шағым келтіруіне әкеп соғатынын атап өту қажет.

Қазіргі уақытта, соттар АПК-нің 15-бабының 4-бөлігінде көзделген құқықты толық көлемде пайдалануда.

Жылжымайтын мүлікке құқықтармен, жылжымайтын мүлікке меншік құқығын қорғаумен, жылжымайтын мүлікті иеленуге байланысты құқықтармен және міндеттермен байланысты дауларды қарау кезінде соттар жылжымайтын мүлікке құқықтар туралы құқықтық кадастрдан мәліметтерді сұрату практикасын қолданып отыр. Мәліметтер оларды тараптар ұсынбаған кезде сұралады.

Істі сот талқылауына дайындау сатысында судьяның белсенді рөлі тараптардың татуласуына да толық жағдай жасайды. Мысал келтірсек: талап қоюшы сатып алу-сату шарттарын, келісімшарттарды бұзу туралы келісімдерді жарамсыз деп тану туралы талап қою бойынша істің мән-жайларын талқылау, анықталуға жататын жағдайлар шеңберін анықтау барысында шарттарды заңсыз деп тану туралы талаптарын олардың бұзылуы салдарынан және дау бойынша олардың салдарларының болмауына байланысты қараусыз қалдырды.

Іс тараптар арасында іс жүзінде бар құқықтық қатынастар бойынша, іске қатысатын адамдардың құрамы туралы мәселе шешіле отырып, сондай-ақ дәлелдемелер шеңберін анықтай отырып қарайды.

Жауапкер тарапы мәлімделген талаптарды нақтылау барысында көрініс тапқан соттың белсенді рөлін «соттың талап қоюшыға жөн сілтеуі» ретінде қабылдап, оны апелляциялық шағымда көрсетті.

Екінші мысал. Жеке тұлға мүлікті ауыртпалықтан босату туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» ҰАҚ-қа талап қойып



Олхан Касенов, Нұр-Сұлтан қалалық сотының судьясы

сотқа жүгінді. Істі дайындау барысында судья мүлікті тыйым салудан босату туралы талаптар борышкерге және өндіріп алушыға қойылатынын түсіндірді. Кейіннен сотқа талап қоюшы өкілінің тиісті емес жауапкерді «Азаматтарға арналған үкімет» МК ҰАҚ-тан жеке тұлғаға (борышкерге) ауыстыру және талап қою талаптарын ұлғайту туралы арыз келіп түсті.

Осы іс аясында сот өз бастамасы бойынша мемлекеттік корпорациядан дәлелдемелерді талап етіп алдырып, істі қарау үшінші тұлғаларды және т.б. тартты.

Соттың белсенді рөлі халықтың әлеуметтік осал топтары қатысқан дауды әділ, тез әрі тиімді шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Тәжірибе көрсеткендей, еңбекке жарамсыз жұбайын күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу, баланы күтіп-бағу үшін қосымша шығыстарды өндіріп алу, тұрақты ақшалай сомада алименттерді, ата-ананы күтіп-бағу үшін алименттерді анықтау туралы істер бойынша соттар істі қарау үшін іс жүргізуге қабылданғаннан кейін бірден тараптардың нақты табысын анықтау жөнінде шаралар қабылдайды. Соттар Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс орнын анықтау бойынша тиісті сұрау салулар жібереді.

Соттың белсенді рөлінің моделін енгізу сөз жоқ, сот рәсімдерінің тиімділігін арттырды және арттыруда, ал бұл жалпы сот талқылауының әділдігіне бағытталған.

АПК-ге енгізілген түзетулерде шешімдегі қате жазулар мен көріну арифметикалық қателерді түзету туралы, шешімді түсіндіру туралы, алып берілген ақша сомаларын индекстеу туралы, өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы, сот актісін жаңадан ашылған немесе жаңа мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы, сот іске қатысатын адамдар-

ды шақырмай қарауға құқылы арыздарды соттың қарау тәртібі өзгертілді.

Карантиндік шараларды қолдануға байланысты сот отырыстары «WhatsApp» (әдетте), «Trui Conf», мобильді бейнеконференц байланыс техникалық құралдарды пайдалана отырып онлайн режимінде өткізіледі.

АПК-нің бұрынғы редакциясында аталған арыздар тараптардың шақыруымен сот отырысында қаралатын.

Осы өзгерістер артық сот рәсімдерін, сот отырыстарын өткізуге, тараптарды шақыруға байланысты материалдық шығындарды қысқартты.

АПК-нің 34-бабының 5-бөлігін толықтыру кодекстің енгізілген өзгерістердің мақсаттарына толығымен сәйкес келеді. Оған сәйкес, екі тарап сот анықтаған соттылықпен келіскен жағдайда олардың жазбаша арыз бойынша істі бір соттан екінші сотқа беру ұйғарымы шығарылғаннан кейін дереу жүргізіледі.

Осы мәселені практикалық жағы мынада. Істі басқа сотқа тапсырғаннан кейін осы іс «Төрелік» базасы бойынша берілуіне байланысты аяқталған іс деп тіркеледі, ал басқасында ол азаматтық іс ретінде тіркеледі. Ұйғарымға шағым жасалған кезде істі оны жіберген сотқа қайтару техникалық жағынан қиындықтар тудырады.

АПК-нің 34-бабының 6-бөлігіне енгізілген өзгерістер әр түрлі облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан бірінші сатыдағы соттар арасындағы дауды шешудің қалыптасқан практикасын нақтылайтын атап өткен жөн.

Аталған өзгерістер соттылығы және әуре-сарсаңға салу бойынша істердің процестік кідірісін қысқартуға бағытталған.

АПК-нің 147-бабының шешімнің құрылымын өзгертуге қатысты мазмұны айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Кіріспе және қарар бөліктерінен тұратын шешімде оны шығару кезінде толық дәлелді шешім әзірлеудің қажеттілігі болмайды. Тараптардың шешімнің қарар бөлігіне шағымдану практикасы АПК-нің 223-бабында көзделген.

Осыған байланысты, оңайлатылған іс жүргізу бойынша судья кіріспе және қарар бөліктері ғана бәрін шешім шығарады.

Өзгерістер күшіне енген сәттен бастап соттар осы баптың жаңа редакциясының ережелерін белсенді түрде басшылыққа алады, бұл мұндай шешімді дайындау уақытын едәуір азайтады.

АПК-нің 223-бабының 4-1-бөлігіне сәйкес, дәлелді себептер бойынша жарияланған шешімді түпкілікті нысанда әзірлеу мүмкін болмаған жағдайда судья қол қойған шешімнің қарар бөлігіне осы кодексте белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Енгізілген түзетулер осы бөлікте сот ісін жүргізуді жеңілдетті және судьяны аталған актілерді жасаудан босатты. Бұл даулы істерді қарауға көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Шешімнің көшірмесін жіберу мерзімі ол шығарылған күннен бастап 5 күннен 3 күнге дейін қысқартылды. Сондай-ақ, АПК «Атқарушылық іс жүргізуде борышкердің жылжымайтын мүлкінен өндіріп алу» деп аталатын 250-1-ші жеке баппен толықтырылды.

Заңның көрсетілген нормасына сәйкес, берешекті өзге мүлік есебінен өтеу мүмкін болмаған кезде не мүлік жеткіліксіз болған кезде не сот шешімін мәжбүрлеп орындату барысында өндіріп алушы не сот орындаушы сотқа борышкердің жылжымайтын мүлкінен өндіріп алу туралы арыз беруге құқылы.

Қарау мерзімі арыз осы мүліктің орналасқан жері бойынша сотқа келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күнін құрайды.

Аталмыш бапта сотқа жүгінудің тәртібі және оның мазмұны, арызды кері қайтару тәртібі, сондай-ақ борышкер болып табылмайтын кепіл ұстаушының жылжымайтын мүлкінен өндіріп алу не егер жылжымайтын мүлікті борышкер ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша сатып алған болса өндіріп алу туралы арызды қараудың мүмкін еместігі нақты айқындалған.

Азаматтық процестік кодекстегі түзетулер істерді де автоматты түрде бөледі өзгертті.

Енді қойылатын талаптар, оның ішінде жеңілдетілген іс жүргізуге жататын талаптар, тараптың бірі мемлекет болып табылатын талаптарды қоспағанда барлығы татуластырушы судьяға бөлінеді.

Бітімгер судья татуластыру рәсімдерін жүргізген кезде талап қою арызын қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Сотта істерді қараудың ұзақтығы осы рәсімге қатысушыларға едәуір шығындар әкелетіні белгілі, ал медиацияның артықшылығы серіктестік пен достықты сақтау, уақытты үнемдеу және мемлекеттік баж салығын жеңілдікпен қайтару болып табылады.

Демек, татуластырушы судьялар 10 жұмыс күні ішінде тараптарды даулы мәселеге баға беруге және уақыт пен ақшаны үнемдей отырып, ақылға қонымды шешім қабылдауға көндіре алады. Бұл сот процесімен байланысты жағымсыз көңіл-күйден аулақ болуға мүмкіндік береді, бітімге келу белгілі бір тараптың пайдасына шешім қабылдауға кепілдік берімейді.

Осы ретте татуластырушы судьялар олардың іс жүргізуде қалған талап қою арыздары бойынша татуластыру жұмыстарын жалғастыра беретінін айта кету қажет.

Сот практикасы Азаматтық процестік кодексте енгізілген өзгерістер сот ісін жүргізудің барлық процесіне оң әсер еткенін көрсетті. Артық сот рәсімдері мен шығындар азайтылды. Соттың белсенді рөлінің моделін енгізу сот рәсімдерінің тиімділігін арттырды.

КӨКЖИЕК

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Барлық мемлекетте азаматтардың құқықтық мәдениеті жоғары маңызға ие. Олай дейтініміз, даулы мәселелердің түп-тамыры заңды білмеуден, оған бағынбаудан туындап жатады. Елдегі құқықтық сауатты көтеру жалпы қоғамның міндеті десек, бұл міндеттен азаматтардың бостандығы мен заңды құқығын қорғауда мемлекет атынан шешім қабылдайтын судьялар қауымы да тыс қалмақ емес.

Кез келген даулы мәселе құқықтық сауаттың төмендігінен туындайтыны өмір шындығы. Оның соңы азаматтардың сотқа жүгінуіне әкеледі. Осы тұста айта кетерлігі, соттар азаматтық істерді қарау және шешу барысында Конституция мен конституциялық заңдардың, Азаматтық процестік кодекстің, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, қолдануға жататын халықаралық шарттардың талаптарын сақтай отырып қызмет көрсетеді. Судьялар сотқа жүгінушілерге ең алдымен заңды мүдделері мен құқықтарын түсіндіріп, азаматтық процестік кодекс талабына сай, процестік әрекеттерді жасау немесе жасамаудың қандай салдары барын айтады. Сонымен қоса заңда көзделген жағдайларда құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі. Мәселен, талап қою арызды қараусыз қалдырылуға жатса, сот ұйғарым шығарып, онда істі қарауға келдергі келтіретін мән-жайларды қалай жою керектігін көрсетеді. Мұндай әрекеттер

тараптарды заң талаптарынан хабардар еткенімен, құқықтық сауаттарын толықтай аша алмайды. Осы себепті, халықтың Конституция мен заңдардан білім-біліктерін жетілдіруді қамтамасыз ету үлкен мәселе.

Елбасының «Егер біздің құқық идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатқымыз келетіні рас болса, онда әрбір азамат мектеп қабырғасында жүргенде-ақ құқықтың қарапайым бастауларын, біздің әрқайсысымыз қарапайым есеп-қисапты білетіндігіміздей игеріп алуға тиіс» деуі бекер емес. Өйткені, бабаларымыз барлық нәрсеге баланы жастан баулығанды жөн көріп «Баланы жастан» деген өсиет қалдырған. Сондықтан, құқықтану пәні балабақшадан қолға алынып, бірінші сыныптан оқытылуы тиіс. Осы жағдайда ғана бала өзімен қоса өзгені де құқығына нұқсан келтірмеу, заңды сыйлау әдебін бойына сіңіреді. Ғалымдар да Конституцияны мектепте басты пәнне айналдыру құқықтық мәдениетті қалыптастырудың басты тетігі екенін жоққа шығармайды. Мәселен, балаға заңның оның өмірі үшін алатын орнын, заң бұзушылықтың салдарын түсіндіру арқылы құқықтық сана-сезімін қалыптастыруға болады.

Конституцияның 1-бабында «Біздің республика өзін демократиялық, зайырлы құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп нақтыланған. Қоғамның

дамуы әрбір адамның өз құқығы мен еркіндігін жүзеге асыра алатын мүмкіндіктерінен көрінеді. Мұны айтып отырғанымыз, жасөспірімдер арасында нашарқорлық, ұрлық, бұзақылық секілді заң бұзушылықтардың орын алуы, адамның өз құқығын қорғау тәсілдерін білмеуі құқықтық тәрбиеге қатысты жаңа бағытты талап етеді. Құқықтық мемлекет құруға талпынған еліміз үшін бұл кезек күттірмейтін мәселе.

Қазіргі таңда оқып, білем деген адамға барлық мүмкіндік бар. Жаңа заңдар немесе олардағы өзгерістерді әлеуметтік желілер арқылы білуге болады. Азаматтар өздері ізденгенде ғана күтілген нәтижеге қол жеткізетіндіктерін, яғни, құқықтарына ешкімнің нұқсан келтіруіне жол бермейтіндіктерін түсінулері керек. Өртүрлі тәсілмен заңды айналып өтуге тырысу өркениетті ел мәдениетіне жатпайды. Құқықтық мәдениет бар жерде заң салтанат құрады. Конституция бойынша өмір сүру демократияның ең жоғары мектебі. Ел заңдарын құрметтеп, олардың әрбір нормасына бағыну мен орындау мемлекетіміздің жарқын болашағын қамтамасыз етеді. Біз бұл тұрғыда насихат жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, халыққа үнемі бағыт-бағдар беріп отыруға міндеттіміз.

Нұрсұлтан УРТЕМБАЙ, Наурызбай аудандық сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ОРТАҚ МҮДДЕ

Қазіргі таңда қазақ қоғамында әлеуметтік түйткілді проблемалардың бірі – ажырасу. Соңғы жылдары қоғамда толық емес отбасылар көбейіп, ажырасу кең әріс алады. Ең қиыны, жыл өткен сайын статистика жоғарылап келеді.

БАЛА БІР ҮЙДІҢ ЕМЕС, ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ

Отбасының шайқалуына себеп көп. «Үйлену оңай, үй болу қиын» мақалы бүгінгі осындай жайларды көрсетсе керек. Шын мәнінде отбасының іргесі қаланған соң оның беки түсуі екеуіне де ортақ. Бұл ең алдымен қоғам алдындағы жауапкершілік. Өкінішке орай, бүгінгі таңда шаңырақ көтерген жастардың көбісі осы бір жауапкершілікке немқұрайлы қарап кеткендей. Ел іргесіне сызат түсіретін бұл әрекеттің зияны шеш етектен. Ең бірінші баланы әкесіз, яки анасыз қалдырады. Ал әке-шешесіз өскен жас ұрпақтың кейінгі тағдыры не болмақ? Отбасы – бақыт мекені. Жанұядағы басты тұлға – ата-ана. Ендеше ата-ана жауапкершілігі бәрінен биік, бәрінен жоғары.

Күнделікті сот тәжірибесінде түрлі тағдырға куә болып жатамыз. Сотта неке бұзу жөніндегі азаматтық істер күнделікті қаралады. Неке бұзу туралы шешім шығару ешқандай қиындық туғызбайды. Ал бала тағдырына келгенде ойланатынымыз анық. Бала тағдыры қиын мәселе. Оның ертеңгі болашағы ата-ананың бүгінгі қадамына байланып тұр. Ажырасқан отбасындағы бала психикасының бұзылатыны, оның осындай себептерден теріс жолға түсетіні белгілі. Ендеше, баланы ең алдымен бір үйдің ғана емес, бүкіл бір елдің болашағы деп қарайықшы. Бүгінгі ұрпақ ол – еліміздің болашағы. Біздің алға қойған мақсатымыз – қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды тұлға өсіру. Игілікті істің бәрі бүгінгі біздің іс әрекетімізден басталады.

Г.ҒАБДРАХИМ, Тасқала аудандық сотының жетекші маманы

**МАСЕЛЕ**



# ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙҒАН ЖОҚ

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, былтыр еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар кезінде 2033 адам зардап шегіп, оның 400-і қайтыс болды. Алдыңғы жылы жазатайым оқиға саны – 2111 болып, оның 190-ы қайтыс болған еді. Ал 10 жыл бұрын, яғни 2010-да республикада 2844 жазатайым оқиға тіркеліп, қайтыс болғандар саны 322 адамды құраған. Жазатайым оқиғалардың саны жағынан Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстары 2019–2020 жылдары ғана емес, 2010 жылы да алдыңғы орында болған. Ал Қызылорда мен Алматы облыстары керісінше ең төменгі көрсеткішімен бұл тізімді түйіндеуде.

Былыр жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендердің – 25,6 % өңдеу өнеркәсібі; 17,2 % тау-кен өнеркәсібі және қарьерлерді қазу; 11,3 % құрылыс; 10,9 % денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету; 6,9 % көлік және жинақтау; 4,7 % көтерме және бөлшек саудада сату, автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу; 4% электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау; 3,6 % ауыл, орман және балық шаруашылығы; 15,8 % қызметтің басқа түрлерінде тіркелді. Олардың 32,3 %-ның жаракаты жеңіл, 13,6 %-ы орташа, 42,8 %-ның жаракаты ауыр болып, 11,3 %-ы қайтыс болды.

Зардап шегушілерді жас ерекшелігі бойынша қарастыратын болсақ, 25,2 %-ы 18-29 жастағылар, 38,3 %-ы 30-45 жастағылар, 32,4 %-ы 46-60 жастағылар, 4,1 %-ы 61 жастан жоғарылар.

Егер зардап шеккендер саны жағынан алдыңғы орында тұрған Қарағанды облысындағы ахуалға кеңірек

тоқталар болсақ, мұнда жазатайым оқиғалар саны – 443, ал одан қайтыс болған адам саны – 36. Алдыңғы жылмен салыстырғанда жазатайым оқиғалардың саны 2,3%-ға, қайтыс болғандар саны 9,1%-ға көбейген. Еңбек қызметіне байланысты, жазатайым оқиғалар кезінде ең көп зардап шеккендердің саны өңдеу кәсіпорындарында – 160 адам (36,1%), тау-кен өнеркәсібі мен қарьерлерді өңдеуге – 101 (22,8%), құрылыста – 50 (11,3%) болды. Шетелдік меншік нысандарындағы кәсіпорындарда 1000 жұмыскерге шаққанда жазатайым оқиғадан зардап шеккендердің үлесі 2,484 адам болса, жекеменшік нысандарда – 1,072, мемлекеттік ұйымдарда – 0,270.

Өндірістегі жаракаттың негізгі себептері саяқты тәртібін өрескел бұзудан (101 зардап шегуші), өндіріс жұмысын нашар ұйымдастырудан (76), еңбекті қорғау тәртібін бұзудан (33) және жол жүру қауіпсіздігі тәртібін бұзу (30) болып табылады. Ал еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар нәтижесінде жұмыс уақытын жоғалту былтыр 22,8 мың жұмыс күнін құрады. Бұл 1000 жұмысшыға шаққанда, еңбекке жарамсыз жұмыс күндері – 51,3.

Өндірістегі жазатайым оқиғалар бойынша материалдық төлемдер 2019 жылы 665,8 млн теңге болды. Оның 313,8 млн теңгесі (47,1%) уақытша еңбекке жарамсыздық қағазы бойынша зардап шеккендерге төленді. 351,5 млн теңгесі (52,8%) біржолғы жәрдемақыға, ал 0,5 млн теңгесі (0,07%) басқа жұмысқа ауыстыру кезінде бұрынғы табысқа дейінгі қосымша төлемге жұмсалды.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
*«Заң газеті»*

**КӨЗҚАРАС**

# МӘСЕЛЕ ОҢ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Бүгін интернет желісін актрара отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының – «судьялар күні» мерекесі атап өтіледі деген жаңалықты көріп, көптен бері еліміздің барлық судьялар қауымдастығының көкейінде жүрген осы бір мәселенің түйіні нақты шешілетін мезгілі таяу екенін көріп, қуанышымыз қойынымызға сыймай, бәркімізді аспанға лақтырған күйде, болғанымыз жасырын емес.

Зейнеткерлікке шыққанға дейін он жыл бойы, бұрынғы Оңтүстік облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында судья лауазымында болғанмын. Сол кезеңде, БАҚ құралдарымен үйлестіруші судья ретінде, көкейде жүрген кейбір мәселелер бойынша БАҚ беттерінде макалаларым жарияланып тұратын. Оны көзі қырағы оқырмандар ұмытпаған болар.

Мені көптен толғандырған мәселелердің бірі, судьялардың мерекесінің болмағаны. Осыдан тоғыз жылдай бұрын, яғни 2012 жылғы қаңтар айының 12 жұлдызында, «Заң газетіне»



осы мәселені көтеріп, мақала жазғанмын. Сол мақалам «Судьялардың төл мерекесі белгіленуі тиіс» – деген айдармен сүйікті газетіміздің № 5 санында, яғни 2012 жылғы қаңтар айының 13 жұлдызында жарық көрген. Өкінішке орай, оның қолдауы болмады ма, әлде басқа себептер келдергі болды ма, білмеймін, із-түссіз қараусыз қалды.

Менің жасымдағы адамдарға жалаң абырой мен шалақ бедел жинау,

білген кісіге өте ұят. Солай бола тұрса да, осы сот күнінің белгіленуіне менің де, кішкене болса үлесім болғанын судьялар қауымдастығы біле жүркін деген мақсатпен, осы мақаламды жолдап отырмын.

**Ыбырай қажы МӘТІБАЕВ,**  
*Оңтүстік-Қазақстан облыстық сотының экс-судьесы, ҚР Прокуратурасының Құрметті қызметкері*

**РЕЙД**

# 13 МОТОКӨЛІК АЙЫП ТҰРАҒЫНА ҚОЙЫЛДЫ

Қызылорда облысы аумағында мотоцикл құралдарының қатысуымен жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзушылықтардың жолын кесу, оның ішінде мас жүргізушілерді анықтау мақсатында шілденің 13-17 күндері аралығында «Мотоцикл» желдел-профилактикалық іс-шарасы өтті.

Іс-шараның 1 күнінде мотоцикл құралдарының жүргізушілері тарапынан жол қозғалысы ережесін бұзудың барлығы 57 дерегі, оның ішінде, мотоцикл құралдары арқылы түнгі тыныштықты бұзудың (ҚР ӘҚБтК-нің 437-бап) – 4, техникалық ақауы бар мотоциклдің (ҚР ӘҚБтК-нің 590.5-бабы) – 1, заңсыз қайта жабдықтаудың (590.7-бап) – 1, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген (590.9-бап) – 5, мотоцикл пайдалану жөніндегі талаптарды бұзудың (593-бап) – 11, маневр жасау қағидаларын бұзу (595-бап) – 3, авариялық жағдай туғызудың (606-бап) – 1, тиісті құжатсыз мотоциклді басқарудың (612.1-бабы) – 10, мас күйінде мотоциклді басқарудың (608-бап) – 1 дерегі анықталып, 13 мотоциклді айып алаңдарына қойылды.

Мысалы, 12 шілде күні ішімдік ішкен Қазалы ауданы Әйтеке би кентінің тұрғыны басқару құқығы жоқ бола тұра «Урал» маркалы мотоциклді жүргізгені анықталды. Тәртіп бұзушыға қатысты екі хаттама рәсімделді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 6-бөлігі (жүргізушінің алкогольден, есірткіден және уытқұмар-



лықтан масаң күйде көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын жүргізуді алкогольден, есірткіден және уытқұмарлықтан масаң күйдегі адамға беруі) бойынша жүргізуші Қазалы ауданы сотының қаулысымен 20 тәулікке әкімшілік қамаққа алынды.

**Қызылорда облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі**

# ЖАРНАМА

## ӨРТҮРЛІ

3. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ берген Мурзабеков Аманжол Жиянбеков пен Есетова Жанна Ахметовнаға қатысты неке кию туралы 2021 жылғы 14 қаңтардағы сериялық нөмірі 1996832 қайталама куәлігі жарамсыз деп танылсын, өйткені Ақмола облысы Бурабай аудандық сотының 2014 жылғы 19 наурыздағы шешімімен неке жарамсыз деп танылды.

13. «Қазақстанның аудиторлар одағының Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік комиссиясы жеке меншік мекеме» ҚР хабарлайды, сессияның қорытындысы бойынша Алматы қаласы, 16-18 маусым 2021 жылы алған аудиторлардың біліктілік куәліктері ҚР келесі кандидаттар: Горбачева Татьяна Анатольевна МФ №-0001722 02.07.2021 ж., Дедикова Наталья Анатольевна МФ №-0001723 02.07.2021ж., Елемесова Гаухар Асылбековна МФ №-0001724 02.07.2021 ж., Әбділда Әлфия Әлқоджақызы МФ №-0001725 02.07.2021 ж., Исинбаев Ержан Айбатович МФ №-0001726 02.07.2021 ж., Исакова Айжан Сунгаговна МФ №-0001727 02.07.2021 ж., Калинин Куаныш Ерболатович МФ №-0001728 02.07.2021 ж., Канашева Гаухар Мухамет Сыдыққызы МФ №-0001729 02.07.2021 ж., Колосенок Екатерина Петровна МФ №-0001730 02.07.2021 ж., Кореновская Ольга Николаевна МФ №-0001731 02.07.2021 ж., Науманова Гульнара Канагатовна МФ №-0001732 02.07.2021 ж., Нурғалиева Айгүл Турсыновна МФ №-0001733 02.07.2021 ж., Ордабаева Жанна Муханбеткаировна МФ №-0001734 02.07.2021 ж., Рызабаева Марина Борисовна МФ №-0001735 02.07.2021 ж., Салипова Асель Каиргелдиновна МФ №-0001736 02.07.2021 ж., Сулейманова Гульнар Ашимовна МФ №-0001737 02.07.2021 ж., Темирбекова Айжанат Умирбековна МФ №-0001738 02.07.2021 ж., Торехан Назира Шорманқызы МФ №-0001739 02.07.2021ж., Турткараева Нағима Кайдаровна МФ №-0001740 02.07.2021 ж., Шарифьянова Айсулу Жанбердиевна МФ №-0001741 02.07.2021 ж., Шигрина Юлия Николаевна МФ №-0001742 02.07.2021 ж.

## ТАРАТУ

2. «Ақтау Денсаулық» ЖШС, БСН 160440029905, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 13 шауаудан-50 А үй, 3 пәтер.Тел.:87029971302.

4. «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Новопервомайқа ауылының бастауыш мектебі» муниципалдық мемлекеттік мекемесі (БСН 030540003999) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: пошта индексі 021611, Ақмола облысы, Шортанды ауданы, Новопервомайқа ауылы, Достық көшесі, 7-үй.

5. «Асыл тас Ш» өндірістік кооперативі, БСН 181240007765, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Н.Есеболатов көшесі, 72-үй, пошта индексі 040100.

6. «Битбул» ЖШС, БСН 200440007032, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 174. Тел.: 87782022273.

7. «Тэссин групп Азия» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 200540002164, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 174. Тел.: 87782022273.

8. «Мендили Mendili» ЖК, БСН 840813400050 (Алматы қаласы, Достық (бұрынғы Ленин) даңғылы, 69, 28-пәтер (кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 102, 8-кеңсе. Тел.: 87476527281.

9. «КВАНТ ФАЙНЭНШИАЛ» ЖШС, БСН 200440005333, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 174. Тел.: 87782022273.

10. «Бай» ЖШС, БСН 020840003739, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 174. Тел.: 87782022273.

## МҰРАГЕРЛІК

11.30.01.2021 ж. қайтыс болған Азизова Мутораның артынан мұра ашылды. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, Тоуке хан даңғылы, 3221 мекенжайы бойынша нотариус М. Дәрібаева келулері қажет.

12. 21.02.2021 ж. қайтыс болған Кунпейсова Уран Баймашевнаның артынан мұра ашылды. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, С. Еруббаев көшесі, 12-үй, 26-пәтер мекенжайы бойынша нотариус Е.Е. Байсбаева келулері қажет. Тел.: 87017314766

**ҚҰЛАҚҚАҒЫС!**

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ**  
**«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.**

**ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874**

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупицкая көшесі, 61 кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyaiaty.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru. Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Кекшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г. Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardwka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

ЖК «Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

ЖК «Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Біраздан бері жұмыссыз жүрген Бекеннің берекесі кетті. Еңбек етіп, ел қатарлы қаражат табайын десе, кежегесі кейін тартады да тұрады. Әйтпесе, ауылдағы өзі қатарлы жігіттердің барлығы «екі қолға бір күрек» тауып, азды-көпті тер төгіп, еңбегіне қарай бұйырған тиын-тебенін алып, бала-шағасын ешкімге жалтақтатпай-ақ асырап жүр ғой. Бұл болса жұмыс істемей-ақ көсіп ақша тапқысы келеді. Ондай батпан құйрық қайда? Абай атамның «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» – дегенін мойындайтын бұл емес. «Жан тыныштық жақсы екен, жатып ішер ас болса» дейін десе, жатып ішетін асы болмай тұр. Өйткені, қаражаты жоқ. Осылайша тығырыққа тіреліп, не істерін білмей жатқанда, ойда жоқта өзі сияқты сандалбай досы Жайық телефон соғып, бір жақсы идеяның шетін қылттыты. «Құланың қасуына мылтықтың басуы» дегендей Жайықтың әлгі хабарласуы мұның мазасын алды. Әрі ойланды, бері ойланды. Келісейін десе, арты не болады деген қорқынышы тағы бар. Келіспейін десе, көкейін оңай олжа тесіп барады. Ақырында, не болса да қорейік, тәуекел деп, танысы Құрманға телефон шалып, Шымкент қаласында Шығыс мөлтек ауданындағы кафеге кездесуге шақырады. «Апама жездем сай» дегендей Құрман да келемін деген уәдесін беріп, келер күнді тағатсыздана күтті.



ОҢАЙ ОЛЖА ОРҒА ЖЫҚТЫ

бектің інісінің баласы ұйқысынан шошып оянып: «Ұрмандар атамды» – деп айқай салады. Мына дауыстан сескенген Жайық баланың бетінен шапалақпен ұрып, айналасын ықтырып алуды жөн көрген. Осы кезде бөлмеге Құрман келіп қолындағы шалақ мылтықтың сабымен Сенбектің басынан бірнеше рет ұрып, есінен тандырады. Артынша ширақ қимылдаған төртеу үйдегілердің қол-аяқтарын байлап, Сенбекті басынан, бүйрек тұсынан бірнеше рет тебеді. Және оның жанына інісін, келінін, үйдегі екі бауырын қатар әкеліп, қол-аяқтарын байлап, ақша талап етеді.

Шымкент қаласына құлақ түрді. Жедел тергеу тобының іздестірулері нәтижесінде бөтеннің адал жолмен тіркелген тапқан дүниесін тонап кеткен қарақшы ұрылардың барлығы да қолға түсті. Тергеу барысында алдымен олардың бәрі өздерінің қылмыстарын мойындамай, алыпқашпа жауап беріп, қылмыстық жауапкершіліктен оңай құтылып кетеміз деп ойлады. Бірақ, тәжірибелі тергеушілердің нақты дәлелдемелерінің арқасында қатыгез қарақшылар бірінен соң бірі жасаған қылмыстарын мойындай бастады. Олар жәбірленушілерге жалпы сомасы 3 млн теңгеден астам материалдық залал келтірген.

Жедел тергеу тобының іздестірулері нәтижесінде қамауға алынған күдіктердің бірі – Бекен тергеу барысында сол күні 50 000 теңге өз үлесін алып үйіне қайтқанын, ертесіне Шымкент қаласындағы Ордабасы алаңында Жайықпен жолығып, тағы да 100 000 теңгені алғанын, қылмыспен келген ақшаларды жеке басының пайдасына жаратқанын, қазіргі таңда істеген іс-әрекетіне шын көңілден өкінетінін, жәбірленушілерден кешірім сұрайтыны жайлы айтты. Мұндай айғақтарды басқа қарақшылар да берді.

Бөген үйде

Қарақшылар шифонерді ақтарып жүріп, ішінен мылтықтың оқтарын тауып алған. Кейіннен тіркелмеген 12 калибрлі 1 ұңғылы мылтық та төртеудің иелігіне көшті. Қаруына сеніп лепірген Жайық пен Бекен әрі қарай Сенбекті еңбектетеіп жүргізіп, үйінде тұрған сейфтің кілтін іздегіп, ақша тауып беруін талап етеді. Жатын бөлмеде шифонерде тұрған жұбайының қол сөмкесінің ішінде болған оның алтын бұйымдарымен бірге, құны 400 доллар тұратын беті қара түсті алтын жүзігін, әр-қайсысы 35000 теңгеден екі дана алтын неке жүзігін, 98 000 теңге тұратын алтын жүзікті, әкесі мектеп бітіргенде алған алтын медальды, жатын бөлмедегі өзінің әмиянынан 300 долларды, одан бөлек сол жерде тұрған 200 000 теңгені, құны 40 000 теңге тұратын маркасы белгісіз сағатын, және 40 000 теңге тұратын және Қазақстан Елтаңбасы бейнеленген алтын жалатылған сағатын, 20 000 теңге тұратын механикалық сағатын, 20 000 теңге тұрған монокуляр дүрбісін алып, ер азаматтардың қолын байлап, қалғандарының қолын скотчпен орап, үйдегілердің ұялы телефонның және үйдегі пышақтарды жинап алып, аулада тұрған автокөлік доңғалақтарын жарып кетеді. Содан кейін олжаларын көлікке салып Шымкентке қарай тартып отырады.

Жолда келе жатып олар өздерінің арам істеріне пайдаланған қолғаптары мен бетперделерін шешіп, жол жиегіне лақтырып отырды. Осыдан кейін олар бірден үйлеріне тарамай, Шымкентте тұратын Жайықтың пәтеріне барып, олжаларын бөліске салды. Арам жолмен келген дүниені бөлу барысында қарақшылар қаншама рет өзара жанжалдасып та қалды. Бұл кезде адал еңбектерімен келген дүниені-мүліктерінен әп-сәтте айырылып қалған Серпінбековтер жергілікті полицияға арызданып, қарақшылардың түр-түсіні сипаттайтын түсініктемелерін жазып қойған. Ал жергілікті полиция қызметкерлері болса қарақшыларды ізін суытпай тауып алуға бел шеше кірісіп кеткен-ді.

Жаза тағайындағанда сот Құрманның жауаптылығын жеңілдететін мән-жайлар ретінде жасаған қылмысын ішінара мойындап, шын көңілден өкінуін, жәбірленушілерге келтірілген материалдық және моральдық зиянды өз еркімен өтегенін, жәбірленушілердің кешірім беруін, отбасы жағдайын, яғни асырауында көмелет жасына толмаған бір баласы барын, ал жауаптылығын ауырлататын мән-жайлар анықталмағанын ескерді. Сондай-ақ, сот сотталушылардың басқа мүшелеріне жаза тағайындағанда да жоғарыдағыдай жағдайларды еске алды.

Жолда келе жатып олар өздерінің арам істеріне пайдаланған қолғаптары мен бетперделерін шешіп, жол жиегіне лақтырып отырды. Осыдан кейін олар бірден үйлеріне тарамай, Шымкентте тұратын Жайықтың пәтеріне барып, олжаларын бөліске салды. Арам жолмен келген дүниені бөлу барысында қарақшылар қаншама рет өзара жанжалдасып та қалды. Бұл кезде адал еңбектерімен келген дүниені-мүліктерінен әп-сәтте айырылып қалған Серпінбековтер жергілікті полицияға арызданып, қарақшылардың түр-түсіні сипаттайтын түсініктемелерін жазып қойған. Ал жергілікті полиция қызметкерлері болса қарақшыларды ізін суытпай тауып алуға бел шеше кірісіп кеткен-ді.

Қылмыс пен жаза

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір АНЫҚТАМА Ақылбек Ертаев 1962 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген. С.М.Киров атындағы университетті заңгер мамандығы бойынша тамамдаған ол бес тілді жетік меңгерген. Еңбек жолын өз ауылында қарапайым жұмысшы боп бастаған Ертаевтың заңгерлік қызметі аудандық прокуратурадан басталды. Кейіннен Оңтүстік Қазақстан облыстық сотында сот хатшысы, Қазығұрт аудандық әкімшілік және атқарушылық өндіріс жөніндегі судья болады. Сот саласының қыр-сырын меңгерген Ертаев кейіннен Сырғаш аудандық, Шымкент қаласы әкімшілік сотының, Арыс қалалық сотының төрағасы болып жемісті жұмыс жасады.

Қылмыс пен жаза

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – НҚ) 3-тармағында «Соттар сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді анықтау қажет» – деп көрсетілген.



Безбен

Сот жоғарыда көрсетілген дәлелдемелер жиынтығы негізді және жәбірленушілердің арыздары орынды әрі объективті түрде берілгенін, ол мән-жайлар оқиға болған күнмен өз үйлесімін табады деп санайды. Соған орай сотталушылар Ә.Құрман, Е.Бекен және К.Тұрсынның қылмыстық құқықбұзушылық әрекеттері Қылмыстық кодекстің 192-бабының 3-бөлігінің 2)тармағымен, 287-бабының 4-бөлігімен және 291-бабының 3-бөлігінің 3,4) тармақтарымен саралануға жатады. Өйткені, олар адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен тұрғын үй-жайға заңсыз кіріп, ірі мөлшердегі мүлікті жымқырып, қарақшылық, шабуылға ұшыраған адамның денсаулығына қауіпті күш қолданумен немесе тікелей осындай күш қолдану қатерін төндірумен ұласқан шабуыл жасап, атыс қаруын заңсыз тасымалдап, жәбірленушілердің денсаулығына қауіпті күш қолданып, оларды қорқытып, жәбірленушінің үйіндегі тіркелмеген атыс қа-

мәселелері туралы» №4 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – НҚ) 3-тармағында «Соттар сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді анықтау қажет» – деп көрсетілген.

Сот осынау сотталушылардың жасаған қылмысының сипатын, жауаптылығын жеңілдететін мән-жайлар жиынтығын, жеке басының деректерін, оларға кінәлі деп танылған баптардың санкциясында көзделген бас бостандығынан айыру жазасын тағайындауға, Қылмыстық кодекстің 58-бабының 3-бөлігінің негізінде түпкілікті жаза тағайындауға негіз бар деп табады. Сот жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесін және сипатын ескеріп, оларға Қылмыстық кодекстің 55, 63-баптарын қолданып, ауыр жаза

тағайындауға негіздің жоқтығын да ескерді.

Нормативтік қаулының 15-тармағының талабына сай, соттар Қылмыстық кодекстің 58-бабының алтыншы бөлігінің негізінде үкімдер жиынтығы бойынша жаза тағайындау кезінде қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша түпкілікті жаза алғашқы үкім бойынша тағайындалған жазадан төмен болмауын, себебі, мұндай жағдайларда жазаларды сіндірген немесе қосқан кезде алғашқы үкіммен тағайындалған жазаның өтелмей қалған бөлігін емес, жазаның толық мөлшерін негізге алу қажеттілігін ескерген жөн делінген.

Сондықтан, сот Қылмыстық кодекстің 58-бабының 6-бөлігі негізінде Құрманға 15.05.2019 жылғы Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен, Е.Бекенге 31.05.2018 жылғы Шымкент қаласының Әл-Фараби аудандық сотының үкімімен және оларға осы үкіммен жаңадан тағайындалған жазаларды ішінара қосып, түпкілікті жаза тағайындап, бірінші үкім бойынша жаза өтеу мерзімі есептелгенін, оларға түпкілікті жаза сол мерзімнен есептелуге жататынын негізге алды.

Сот сотталушылардың Қылмыстық кодекстің 46-бабының 5-бөлігі 2)тармағының талаптарына сай тағайындалған жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемеде өтеулерін белгілеуді қажет деп санады. Сонымен қатар, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу-тексеру барысында қылмыстық қудалау органымен сотталушының тәркіленуге жататын, яғни ҚҚ-нің 48-бабының 1-бөлігінде көрсетілген мүліктер анықталмаған. Соған байланысты нормативтік қаулыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 20-тармағы 2-абзацының талабын назарға алып, сотталушыларға қылмыстық жолмен табылған не қылмыстық жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлкін тәркілеу қосымша жазасын тағайындауға негіз жоқ деп санады.

«Ұрлық түбі – қорлық»

Сөйтіп, оңай олжаға кенелмек болған қарақшыларға жасаған іс-әрекеттеріне орай түпкілікті үкім шықты. Бұл үкіммен келіспегендер де, келіспегендер де болды. Бірақ, заңның аты – заң. Заң орындалуға тиіс. Ендігі жерде бөтеннің мүлкін қорқытып, ұрып-соғып алып кеткен жоғарыда аты аталған бұзақылардың (белгелі себептермен қылмыскердің де, жәбірленушілердің де аты-жөндері өзгертіліп алынды. – автор) әрқайсысы жеті жылдан астам уақытын темір тордың арғы жағында телміріп отырып өткізеді. Және олар мемлекет пайдасына сот сараптамасына жұмсалған престістік шығындар үшін жүзеген мың теңге төлейтін болады. Бұл оларға алдағы кездері, яғни болашақта сабақ болса екен дейміз.

Жалпы, мұндай оқиға осындай арам пиғылды басқа да азаматтарға ой салса құба-құп болар еді. Қазіргі кезде елімізде қылмыскерлер де, қылмыстың түрі де көп. Бірақ тәжірибелі із кесушілердің тыңғылықты ісінің нәтижесінде олардың көпшілігі қолға түсіп, кісенделіп жатады. Негізінде, қылмыскердің мақсаты тер төгіп, жұмыс істемей-ақ оңай олжаға кенелу ғой. Алайда олардың сондай қара пиғылдары көпке созылмастан заң құрығына ілініп, қылмыскер атанып, тиісті жазаларын арқалап, абақтыдан бір-ақ шығарды. Сөйтіп, оңай олжа оларды орға жығалды.

Бұл істі сот саласының ардагері, Арыс аудандық сотында ұзақ жыл еңбек еткен Ақылбек Ертаев таразылаған болатын. Аудандық соттың төрағасы болған Ертаевтың әр іске тыңғылықты дайындалып, заң мен арға сүйене отырып үкім айтатынына көпшіліктің көзі жеткен. Бұл жолы да тып-тыныш жатқан ауылды ала тайдай бұлдіркен қарақшыларға қатысты үкім қатал болды. Іске заң аясында нүкте қойып, өзінің қасбиілігін дәлелдеген Ертаев сияқты маманның ақылын тыңдап, кенесін алу жас судьялардың өсуіне бірден-бір көмегін тигізери талассыз.

Әлия БАЙБАТЫРОВА, Медеу аудандық сотының бас маманы, сот мәжілісінің хатшысы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Table with 2 columns: Location/Region and Name/Phone Number. Includes entries for Nur-Sultan, Almaty, Aktyubay, Zhambyl, Mangystau, Qyzylorda, Turkistan, and Shyghys Kazakhstan.

Table with 2 columns: Location and Name/Phone Number. Includes entries for Almaty, Aktyubay, Zhambyl, Mangystau, Qyzylorda, Turkistan, and Shyghys Kazakhstan.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ: 050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61 E-mail: zanreklamaastana@mail.ru «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 8019 дана Апталық таралым 16 038 дана Тапсырыс №100 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар. Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде қабылданады. Газетті есепке қою туралы №16297-Гу өлкікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген. Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31